| 56. | Бізге оралмандарды арнаулы орталықтарда алдын ала дайындау, қоғамымызға бейімдеу мен кіріктіру үшін жағдай туғызуға көбірек зер салуымыз керек. Басқа елдердегі сияқты кәсіпке баулып, тіл үйретсек, олар жаңа жағдайға тезірек бейімделетін болады. Үкімет 2006 жылы оралмандардың білімі мен біліктілігін ескере отырып, оларды иммигра- | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау | Г. Ж. Қарақұсова | Заң |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ция квотасына енгізудің объективтік өлшемдерін әзірлейтін болсын. | | | |
| **4. ОСЫ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ, КАДРЛАР МЕН ОЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫ ҰДАЙЫ АРТТЫРУ ХАЛҚЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОДАН ӘРІ ӨРКЕНДЕУІ** | | | | |
| **4.1. Осы заманғы білім беру және білікті жүйесін дамыту** | | | | |
| 57. | Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет.<br><br>Сондықтан он екі жылдық оқуға көшу шеңберінде техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарында одан әрі оқуды таңдағысы келетіндерге он жылдық орта білім беруді жоққа шығаруға болмайды. Адамның өмір бойы білім алуы үшін жағдай туғызуымыз керек. Жоғары білім алғысы келетін адамдар үшін 12 жылдық білім алу жөніндегі ұсыныстар әзірленуге тиіс. | 1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жаңа редакцияда қабылдау<br><br>2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Б.С.Әйтімова<br><br>Б.С.Әйтімова | Заң<br><br>Президе Жарлығы |
| | | Біліктілік және аттестаттау талаптарын күшейту, жоғары оқу орындарын аккредиттеудің халықара- | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 58. | Жоғары білім беру саласында техникалық білім беруді дамытуға ерекше назар аудара отырып, жоғары оқу орын-дары желісінде оңтайландыру жүргізілуге тиіс. | лық моделіне көшуді жүзеге асыру, жоғары білім берудің қазіргі за-манғы жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын енгізу, жоға-ры техникалық мектептер жүйесін құру және басқа да шаралар жолы-мен жоғары оқу орындар желісін оң-тайландыруды жүргізу | Б.С.Әйтімова | норматив-тік құқықтық актілер |
| 59. | Осы заманғы мем-лекеттік менед-жерлер даярлау үшін Мемлекеттік басқару акаде-миясының негі-зінде шетелдік серіктестердің қатысуымен ең жоғары халықара-лық стандарттар-ға сәйкес келе-тін ұлттық басқару мектебі құрылуы қажет. | Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасы негі-зінде ұлттық басқару мек-тебін құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын қабылдау | З. Қ. Тұрысбеков | Президент Жарлығы |
| **4.2. Қазақстанның көпұлтты және көпконфесси... негізінде мәдениеттің ел мемлекеттілігінің үдерісіндегі рөлін нығайту** | | | | |
| | Қазір мәдениет саласын дамытуға мемлекеттік-жеке меншіктік қаты-суды оңтайланды-ратын, яғни біз-дің талантты-ла-рымыздың өзінің шығармашылық қызметінің есебінен лайықты өмір сүру дең-гейіне жетуіне | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 қаулысымен бекітілген Мәдениет са-ласын дамыту-дың 2006 - | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 60. | мүмкіндік беретін жағдай- лар жасайтын кезең туды. Бұлар - елімізде ірі халықаралық өнер аукциондарын өткізу кезінде мемлекеттік қолдау да, талантты музыканттар мен орындаушыларға қолдау көрсету де, сондай-ақ, айталық, өнер көрмелерін сақтандыру мен тасымалдау жөніндегі мемлекет мейлінше аз қатысатын жекеменшік компания құру және басқа осындай шаралар. | 2008 жылдарға арналған бағдарламасына шығармашылық қайраткерлерін, талантты сазгерлер мен орындаушыларды мемлекеттік қолдауды жетілдіру, сондай-ақ мәдениет саласындағы жеке секторды дамыту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Е.Қ.Ертісбаев | Үкімет қаулысы |
| **5. ДЕМОКРАТИЯНЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖАҢАРТУ** | | | | |
| 61. | Біз елімізде Қазақстанның саяси жүйесі мен мемлекеттік құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған ауқымды саяси реформаларды жалғастыра беретін боламыз. | 1. Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын қабылдау<br>2. Азаматтық қоғамды дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдау<br>3. Ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2009 жылдарға арналған тұ- | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Е. Қ. Ертісбаев, З.Я.Балиева<br>Е. Қ. Ертісбаев, З.Я.Балиева<br>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Е. Қ. Ертісбаев, Е. К. Жұмағалиев, З.Я.Балиева, | Президент Жарлығы<br>Президент Жарлығы<br>Президент Жарлығы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жырымдамасын қабылдау | Н.А.Коржова, Қ. Н. Келімбетов | |
| 62. | Демократиялық және өркендеген мемлекеттер орнатудың ортақ Қазақстан Республикасының Заңдылықтарын, сондай-ақ біздің қоғамның маңызды мәдени-тарихи белгілері мен дәстүрлерін үйлесімді ескеруіміз қажет. | 1. Этностық және конфессиялық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын қабылдау | Е.Қ.Ертісбаев | Үкімет қаулысы |
| | | 2. Азаматтарға патриоттық тәрбие берудің 2006 - 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдау | Б.С.Әйтімова, Е.Қ.Ертісбаев | Президе Жарлығы |
| | | 3. Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын қабылдау | А.Б.Самақова, Қ. Н. Келімбетов, З.Я.Балиева | Үкім қаулылары |
| **6. ОСЫ ЗАМАНҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚЫР КӨРС БАРАБАР ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ** | | | | |
| **6.1. Ұлттық қауіпсіздіктің 2006-2010 жылдарға стратегиясы** | | | | |
| | Қазақстанның мемлекеттілігін, ұлттық егемендігі мен тұтастығын нығайту жаңа Әскери доктринаның негізінде жүзеге асырылуға тиіс. | | М. Қ. Алтынбаев, А. С. Шабдарбаев, Б. Ә. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 63. | Ол күш пен құралдардың жедел қанат жаюын жүзеге асыруға қабілетті, ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін кәсіби армияның жасақталуын көздеуге тиіс. | Жаңа әскери доктрина қабылдау | Мұхаметжанов, Ш. Қ. Құлмаханов, А. Б. Тасболатов | Президент Жарлығы |
| 64. | Қазақстанның Қарулы Күштері осы заманғы әскери-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге тиіс, олар Қазақстан мен жаңа халықаралық ахуал үшін өзіндік ерекше қатерлерге сай келетін жоғары корғаныс технологияларына орынды үміт артады. | Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құралымдарына<br><br>қару-жарақ пен әскери техника сатып алудың, оны жаңғыртудың, жөндеудің, кәдеге жаратудың және әскери мақсаттағы өнім шығаратын кәсіпорындарды дамытудың 2015 жылға дейінгі дамытудың 2015 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын қабылдау | В.С.Школьник, М. Қ. Алтынбаев, Б. Ә. Мұхаметжанов, Ш. Қ. Құлмаханов, А. С. Шабдарбаев, А. Б. Тасболатов | Президент Жарлығы |
| **6.2. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылға және терроризм мен есірткі саудасына қарсы күреске саясат** | | | | |
| | | 1. Шетелдік мемлекеттердің мүдделі арнайы қызметтерімен бірлесіп, халықаралық террористік және діни экстремистік | | халықаралық келісімдер, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 65. | ... қазіргі заманның осындай қыр көрсетулеріне қарсы тұру үшін... Орталық Азия өңірі мемлекеттерінің ынтымақтастығын нығайту | ұйымдардың қызметіне қарсы әрекет етудің тиімді тетіктерін енгізу<br><br>2. Ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне және заңсыз көші-қонға қарсы күресте Орталық Азия мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен және арнайы қызметтерімен өзара іс-қимыл жасаудың тиімді нысандары мен әдістерін енгізу | А. С. Шабдарбаев, М. Қ. Алтынбаев, Р. Т. Түсіпбеков<br><br>Б.Ә.Мұхамет-жанов, А. С. Шабдарбаев, М. Қ. Алтынбаев, Ш. Қ. Құлмаханов, Қ.К.Тоқаев, Р. Т. Түсіпбеков | бірлескен іс-шара-лар<br><br>халықар лық келі-сімдер, бірлескен іс-шара-лар |
| **6.3. Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақты қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кү жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде іске асыру** | | | | |
| 66. | Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ ірі жеке меншік компаниялардың қызметі мен қаржы ағыстарының ашықтығын қамтамасыз ететін заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Бұл - жекешелендіру үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету, салық саясаты, жер қойнауын пайдалану және жер қатынастары | Заңнамаға ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ ірі жеке меншік компаниялардың қызметі мен қаржы ағыстарының ашықтығын қамтамасыз ететін езгерістер мен толықтырулар енгізу | Қ. Н. Келімбетов, Н.А.Коржова, З.Я.Балиева, С. С. Қалмырзаев, Б. С. Ізмұхамбетов, Б.С.Оспанов | Заң |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | салаларында шешімдер қабылдау. | | | |
| 67. | Ашық айналымнан шығарылған капиталдар мен мүліктерге рақымшылық жасау проблемасын нағыз жауапкершілікпен және байсалды түрде қарастыратын уақыт жетті | Заңдастырылған активтер сомасының 10 пайызын бюджетке төлеуді белгілейтін норманы енгізуді ескере отырып,»"Мүлікті заңдастыруға байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау | З.Я.Балиева, Н.А.Коржова, Қ. Н. Келімбетов, С. С. Қалмырзаев, Ә.Ғ.Сәйденов | Заң |
| **7. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮДДЕЛЕРІН, ӨҢІРЛІК ЖӘНЕ ӘЛЕ СЕРПІНІН ЕСКЕРЕТІН ТЕНДЕСТІРІЛГЕН ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ БАҒЫТТЫ ОДАН ӘРІ ІСКЕ АСЫРУ** | | | | |
| **7.1. Біздің елдеріміз арасындағы ауқымды үдерістер негізінде Ресеймен стратегиялық қатынастарын дамыту** | | | | |
| | Ресейлік бағыт - Қазақстан сыртқы саясатының аса маңызды басымдығы... Бүгін басты мәселелер ЕурАзЭҚ, БЭК, ШЫҮӨ | 1. Ресей Федераииясымен ғарыш кеңістігін бірлесіп игеруде, отын-энергетика кешен, шекаралық ынтымақтастық, экономика, көлік және инвестициялар саласында бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерінде өзара іс-қимыл жасауды кеңейту<br>2. ЕурАзЭҚ, БЭК, ШЫҰ шеңберінде сауда-экономикалық ынты- | Қ.К.Тоқаев, Б.С.Әйтімова, Б. С. Ізмұхамбетов, В.С.Школьник, А. Қ. Жұмағалиев, А.Ұ.Мамин, Н.А.Коржова | халықаралық құжаттар, Үкіметке есеп |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 68. | шеңбе-рінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мен өңірлік ықпал-дастықты дамыту саласында жатыр. Мұнда қауіпсіз-дікті нығайту мәселелері маңызды орын алады. | мақтастықты тереңдету және өңірлік ықпалдастықты кеңейту<br><br>3. Шекара маңындағы өңірлерде ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, заңсыз көші-қонға және есірткінің заңсыз айна-лымына қарсы әрекет ету мәселелерінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы-ның құқық қорғау орган-дарының өзара іс-кимыл жасауын кеңейту | В.С.Школьник, Н.А.Коржова, Б.С. Ізмұхамбетов, А.С.Есімов, Қ.К.Тоқаев<br><br>Б.Ә. Мұхаметжанов, А.С. Шабдарбаев, Н.А.Коржова, Г.Ж. Қарақұсова, Қ.К.Тоқаев, Р.Т. Түсіпбеков | халықа-лық құжаттар, Үкіметке есеп<br><br>халықар-лық құжаттар, Үкіметке есеп |
| **7.2. ҚХР-мен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту** | | | | |
| 69. | Біз экономикалық және саяси ынты-мақтастық мәсе-лелері бойынша Қытай Халық Республикасымен екіжақты шарт-тарды іске асы-руды жалғастыра береміз... Экономикалық ынтымақтастық халықаралық қауіпсіздік проблемалары бойынша белсенді саяси үнқатысу-мен бекемделуге тиіс. Біз сондай-ақ ШЫҰ шеңберінде, | 1. Халықара-лық қауіпсіз-дік проблема-лары жөнінде-гі саяси үндесуді жан-дандыру<br><br>2. ШЫҰ шең-берінде де, сол сияқты нақты екіжақ-ты бастамалар мен уағдалас-тықтар негі-зінде де көші-қон және өңірлік қауіпсіздік проблемаларын шешу саясатын үйлестіру | Қ.К.Тоқаев, А.С. Шабдарбаев, М.Қ. Алтынбаев, Б.Ә. Мұхаметжанов<br><br>Б.Ә. Мұхаметжанов, Қ.К.Тоқаев, А.С. Шабдарбаев, Г.Ж. Қарақұсова, Р.Т. Түсіпбеков | халықара-лық құжаттар, Президент Әкімшілі-гіне есеп<br><br>халықара-лық құжаттар, Президент Әкімшілі-гіне есеп |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сондай-ақ екіжақты нақты бастамалар мен уағдаластықтар негізінде көші-қон және өңірлік қауіпсіздік проблемаларын шешу жөніндегі саясатты үйлестіру ниетіндеміз. | 3. Шекара маңындағы өңірлерде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы құқық қорғау органдарының іс жүзіндегі іс-қимылын нығайту | Б.Ә. Мұхаметжанов, А.С. Шабдарбаев, Қ.К.Тоқаев | халықаралық құжаттар, Президент Әкімшілігіне есеп |
| **7.3. АҚШ-пен өзара қарым-қатынастардың жоғар нығайту** | | | | |
| 70. | Қазақстан мен АҚШ арасында ұзақ мерзімді және тұрақты серіктестік қатынастар орнаған... бұлар өзара іс-қимылдың кең ауқымымен сипатталады... Ендігі жерде экономикалық саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, американдық инвестицияларды тарту және Қазақстанда озық технологиялар енгізу үшін қолайлы жағдай туғызу күн тәртібінде тұр. | 1. Халықаралық энергетикалық тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау<br><br>2. Экономикалық саладағы ынтымақтастық және американдық инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдай жасау | Б.С. Ізмұхамбетов, Қ.К.Тоқаев, А.С. Шабдарбаев<br><br>В.С.Школьник, Қ.К.Тоқаев | халықаралық құжаттар, Президент Әкімшілігіне және Үкіметке есеп<br><br>халықаралық құжаттар, Үкіметке есеп |
| **7.4. Еуропалық одақпен ынтымақтастықты дамыту** | | | | |
| | Біз өзіміздің еуропалық серіктестерімізге инвестициялық қызмет, ірі халықаралық жобаларды іске асыру, біздің елімізге озық технологиялар | 1. Еуропалық инвесторлардың инвестициялық қызметі үшін қолайлы жағдай жасау және экономиканың шикізаттық емес секторларында еуропалық компаниялар- | А.С.Есімов, В.С.Школьник, Қ.К.Тоқаев | нормативтік құқықтық актілер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 71. | мен білімді тарту үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек. ЕҚЫҰ-мен осы заман проблемалары мен қыр көрсетулерін шешу, бейбітшілік пен қауіпсіздікті, адамның негізгі бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастықты нығайту орынды болмақ. | мен инвестициялық ынтымақтастықты нығайту<br>2. ЕҚЫҰ-мен қазіргі заманның проблемалары мен қыр көрсетулерін шешу жөніндегі ынтымақтастықты нығайту, ЕҚЫҰ-ның халықаралық іс-шараларына қазақстандық өкілдердің белсенді қатысуы | Қ.К.Тоқаев | Президе Әкімшілігіне есеп |
| **7.5. Көршілес Орта Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық** | | | | |
| 72. | Біздің өңірде ықпалдастық қарқынын төмендетпеудің маңызы зор. Біз мәдениетіміз бен тарихымыздың ортақтығы жақындастырып отырған көршілес Орта Азия мемлекеттерімен жан-жақты байланыстарымызды дамыта беруге тиіспіз. Біздің сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастығымыздың келешегі зор. | Орта Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықты жандандыруда мыналарға:<br>- сауда-экономикалық өзара іс-қимылға;<br>- мәдени-гуманитарлық байланыстарға ерекше көңіл бөлу | В.С.Школьник, Б.С. Ізмұхамбетов, А.С.Есімов, А.Ұ.Мамин, Қ.К.Тоқаев<br>Е.Қ. Ертісбаев, Б.С.Әйтімова, Қ.К.Тоқаев | халықаралық құжаттар, Үкіметке есеп<br>Үкіметке есеп |
| **7.6. Қазақстан Республикасының мұсылман элемі қатынастарын дамыту** | | | | |
| | | 1. АӨСШК процесін алға жылжыту, Қазақстанның "Ислам Конференциясы"» | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 73. | ... мен Қазақстанның халықаралық деңгейдегі мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысу орталықтарының бірі ретінде қызмет атқаруға әзір екенін тағы да қуаттағым келеді... Біз сияқты өркениеттердің үнқатысуы аталып жүрген үдерісті кеңейту және тереңдетуге мүдделі болып отырған мұсылман әлемінің бірқатар елдерімен бірлесе отырып, біз осы заманғы дүние құрылысының көкейкесті проблемалары бойынша Шығыс пен Батыс арасындағы түсiністікті жақындастыруға бағытталған бірқатар халықаралық бастамалар жасай алар едік деген ойдамын. | ұйымымен (ИКҰ), Экономикалық ынтымақтастық ұйымымен (ЭЫҰ) өзара іс-кимыл жасауы арқылы ҚР-ның мұсылман әлемі елдерінің халықаралық ынтымақтастық құрылымдарына қатысуын жандандыру<br><br>2. Халықаралық мәдениетаралық және конфессияаралык диалог орталықтарының бірінің рөлін атқару. Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші съезін өткізу<br><br>3. Шығыс пен Батыстың арасындағы осы заманғы дүние құрылысының көкейкесті проблемалары бойынша түсiністікті жақындастыруға бағытталған халықаралық бастамаларға қатысу | Қ.К.Тоқаев<br><br>Съезд хатшылығының басшысы, З.Я.Балиева, Қ.К.Тоқаев, Е.Қ. Ертісбаев<br><br>Қ.К.Тоқаев | Президент Әкімшілігіне және Үкіметке есеп<br><br>Съезд қорытынды құжаттары<br><br>Президе Әкімшілігіне есеп |

*Ескертпе: Жауапты орындаушылар бағанында бірінші көрсетілген мемлекеттік органдардың басшылары Жалпыұлттық жоспардың тиісті іс-шарасына тұтас алғанда жауап береді*

*Заң жобаларын енгізу мерзімі бойынша бағанда:*
*Заң - Парламент қабылдайтын мерзім,*
*Жоба - Парламентке енгізілетін мерзім*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 30 наурыздағы
N 80 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2006-2008 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

## МАЗМҰНЫ

К І Р І С П Е
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасының негізгі қорытындылары
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаты және күтілетін нәтижелер
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының басым бағыттары
I. ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАҒА ТИІМДІ КІРІГУ - ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ САПАЛЫҚ СЕРПІЛІСІНІҢ НЕГІЗІ
Экономиканың отын-энергетика және өндіруші секторларының тиімділігі мен экономикалық қайтарымын арттыру, олардың жұмыс істеуінің ашықтығын қамтамасыз ету
Кластерлерді дамытуға, халықаралық маңызы бар "серпілісті" жобаларды іске асыруға және елді әлемдік экономикаға кіріктіруге бағытталған индустриялық-инновациялық даму
Өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және кластерлік бастамаларды іске асыру
Өңірлік және жаһандық экономиканың қажеттіліктерін ескере отырып, нысаналы "орындарды" айқындау және "серпілісті" жобаларды іске асыру
Инновациялық сипаттағы "серпілісті" жобаларды әзірлеуге және іске асыруға және елді халықаралық ғылыми қоғамдастыққа ықпалдастыруға бағытталған ғылыми-технологиялық даму
Тиімді мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін қалыптастыру

Авторлық құқықтар мен зияткерлік меншікті қорғау үшін қолайлы жағдай жасау
Экспортты жылжытуға және ықпалдастық бастамаларды одан әрі тереңдетуге бағытталған сауда саясаты
Экономиканы жаңғыртудың қосымша құралы ретінде ДСҰ-ға кіру
Қазақстандық тауарлардың халықаралық нарықтарға қол жеткізуін жақсарту, жаңа экспорттық "орындарды" алу және ықпалдастық бастамаларды одан әрі тереңдету
Қазіргі заманғы және бәсекеге қабілетті көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту
Көлік кешенін дамыту
Телекоммуникация саласын дамыту

## II. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ТҰРЛАУЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУДІҢ ІРГЕТАСЫ РЕТІНДЕ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ МЕН ӘРТАРАПТАНДЫРУ

Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту
Фискалдық тәртіпті арттыруға бағытталған және экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ететін бюджет-салық саясаты
Мемлекеттік активтерді тиімді басқару
Нарық қағидаттары негізінде мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы экономикалық өзара қатынастарды құру
Тауарлар мен қызметтер нарықтарының тиімді жұмыс істеуіне бағытталған бәсеке және тариф саясатын іске асыру
Нарықтық қатынастар мен бәсекеге қабілетті экономиканың негізгі іргетасы ретінде кәсіпкерлік секторды дамыту
Экономиканы теңдестіре дамыту қажеттігіне сай келетін аумақтық даму
Астананы Еуразиядағы өзара халықаралық іс-қимылдың ірі орталықтарының бірі және осы заманғы әлемдік даму стандарттарына сай келетін қала ретінде дамыту
Алматы қаласын өңірлік ірі қаржы және іскерлік белсенділік орталығы ретінде одан әрі дамыту

## III. ХАЛЫҚТЫҢ НЕҒҰРЛЫМ "ӘЛЖУАЗ" ТОПТАРЫН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨНІМДІ ДАМУЫН ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Халықтың неғұрлым "әлжуаз" топтарын қорғауға бағытталған және еңбек ресурстарын тиімді дамытуды ынталандыратын атаулы әлеуметтік саясатты іске асыру
Әртүрлі деңгейлі табысы бар халықтың қажеттіліктерін кешенді қанағаттандыруға бағытталған тұрғын үй саясатын іске асыру

Денсаулық сақтау саласындағы қызметті ұйымдастыруда қазіргі заманғы қағидаттар мен стандарттарға өту

Халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

## IV. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ, МӘДЕНИЕТТІҢ ӨРКЕНДЕУІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін дамыту және білікті кадрлар даярлау

Қазақстан халқының рухани әлеуетін дамытатын мәдениеттің рөлін нығайту

Дене шынықтыру мен спортты дамыту

## V. ДЕМОКРАТИЯНЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖАҢАРТУ, ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ САҚТАУ

Демократияны одан әрі дамыту және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту

## VI. МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ЖӘНЕ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚЫР КӨРСЕТУЛЕРГЕ ҚАРСЫ БАРАБАР ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУ

Елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайту

Діни экстремизмге қарсы іс-қимылға және халықаралық терроризмге, есірткі саудасы мен қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы күреске бағытталған саясат

Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қауіп ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі кешенді жалпы ұлттық бағдарламаны дәйекті іске асыру

## VII. ТЕҢГЕРІМДІ СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ ОДАН ӘРІ ІСКЕ АСЫРУ

## VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ҚОРЫТЫНДЫ

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық даму жоспарының негізінде әзірленген және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыруға бағытталған.

Бағдарламаның қолданылу кезеңіне арналған бірінші кезектегі міндеттер мен басымдықтар Мемлекет басшысының 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" Қазақстан халқына Жолдауында баяндалған тапсырмалардан туындайды.

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасының негізгі қорытындылары

Қоғамдық-саяси тұрақтылық, орнықты әлеуметтік-экономикалық даму, экономикалық қауіпсіздікті нығайту негізінде халықтың әл-ауқатын өсіру Үкіметтің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасының басты мақсаты ретінде айқындалған болатын.

Үкімет алға қойылған міндеттерді орындады. Атап айтқанда, 2003-2006 жылдары ЖІӨ-нің орташа жылдық нақты өсімін 7 - 7,5 % мөлшерінде қамтамасыз ету жоспарланған еді. Теңгерімді экономикалық саясат және реформаларды дәйектілікпен жүргізу 2003-2005 жылдар кезеңінде ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқынын 9,4 % мөлшерінде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Алдын ала статистикалық деректер бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда 2005 жылы ЖІӨ-нің өсімі 9,4 %-ды, 2003 жылға қарағанда 31,1 %-ды құрады.

Қазақстан халқының тұрмыстық әл-ауқатының артуы экономикалық өсуге барабар жүруде. Бұл салада жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейін 2006 жылы 2600 АҚШ долларына дейін арттыру міндеті қойылған болатын. Алайда 2005 жыл қорытындыларының өзінде жан басына шаққандағы ЖІӨ алдын ала деректер бойынша 3700 АҚШ долларын құрады. Тұтастай алғанда 2003-2005 жылдары жан басына есептегенде ЖІӨ көлемі 1,3 есе өсті.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының жетістіктерін барлық халықаралық қаржылық және рейтингілік агенттіктер мойындады. 2005 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның есебінде жарияланған бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Қазақстан бірінші рет қатыса отырып, барлық ТМД елдерін артта қалдырып, 61-ші орынды иеленді. 2006 жылғы қаңтарда жарияланған экономикалық еркіндік рейтингінде Қазақстан бір жыл ішінде Ресейді (122-орын) басып озып және Қытайға (111-орын) барынша жақындап 130-орыннан 113-орынға көтерілді.

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаты және күтілетін нәтижелер

Ел Президенті алға қойған мақсаттарға қол жеткізу қажеттігіне негізделе отырып, сондай-ақ экономиканы дамытудың негізгі бағыттарын іске асырудағы

сабақтастықты дәлелдей отырып, Үкімет Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін және ел азаматтарының өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы институционалдық және экономикалық жағдай жасауды басты мақсат ретінде айқындады. Бұл таяудағы он жылда Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөніндегі стратегиялық міндетті шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Таяудағы үш жылда Үкімет өзінің алдына Бағдарламаны орындаудың мынадай негізгі индикаторларына қол жеткізу міндетін қояды. ЖІӨ-нің орташа жылдық нақты өсімі 8,5 % мөлшерінде, бұл 2000 жылға қарағанда 2008 жылы ЖІӨ-ні екі еселеу жөніндегі стратегиялық міндетті шешуге мүмкіндік береді. Үш жылда экономиканың жалпы өсуі 27,7 % деңгейінде жоспарланып отыр. Жан басына шаққандағы ЖІӨ-ні 2008 жылы 5559 АҚШ долларына дейін өсіру, бұл бүгінгі деңгейден 1,5 есе жоғары. Еңбек өнімділігінің жыл сайын орта есеппен 8,5 %-ға өсуі. Өнеркәсіптік өндірістің орташа жылдық өсімі 5 %, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте 6,7 %. Негізгі капиталға инвестициялар өсімі - жылына орта есеппен 15,7 %. Орташа жылдық инфляция деңгейі 2006 жылы 5,7 % - 7,3 %, 2007 - 2008 жылдары 5 % - 7 % "межесінде".

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының басым бағыттары

Ел Президентінің тапсырмаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің 2006-2008 жылдарға арналған басым бағыттары болып мыналар айқындалды:

1. Әлемдік экономикаға тиімді кірігу - елдің экономикалық дамуының салалық серпілісінің негізі.

2. Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту мен әртараптандыру.

3. Халықтың неғұрлым "әлжуаз" топтарын қорғауға бағытталған және экономиканың өндірістік дамуын ынталандыратын қазіргі заманғы әлеуметтік саясат.

4. Білім берудің қазіргі заманғы жүйесін дамыту, мәдениеттің өркендеуі мен халықтың рухани әлеуетінің дамуы.

5. Демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңғырту, ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді сақтау.

6. Мемлекеттілікті және осы заманғы қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы барабар ұлттық қауіпсіздік жүйесін нығайту.

7. Теңгерімді сыртқы саясатты одан әрі іске асыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдардағы кезеңге арналған жұмысы осы бағыттарға сәйкес құрылатын болады.

## I. ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАҒА ТИІМДІ КІРІГУ - ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ САПАЛЫҚ СЕРПІЛІСІНІҢ НЕГІЗІ

**Экономиканың отын-энергетика және өндіруші секторларының тиімділігі мен экономикалық қайтарымын арттыру, олардың жұмыс істеуінің ашықтығын қамтамасыз ету**

**Мақсаты:**

Өндірістің алдыңғы қатарлы технологияларын енгізу есебінен Қазақстанның сыртқы нарықтардағы ұстанымын нығайту және энергетикалық шикізат пен оны терең өңдеу өнімдерінің әлемдік ірі жеткізушілерінің қатарына кіру. Елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

**Шешу жолдары**

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу жолымен өңдеуші өнеркәсіптің ашықтығын арттыру мақсатында жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жалғасатын болады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңі шеңберінде теңізде көмірсутек ресурстарын өндіруді ұлғайту, теңіз операцияларын қамтамасыз ету жөніндегі жағалау инфрақұрылымын, Ақтау, Баутино порттарын дамыту және Құрық портын құру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Көмірсутектерді тасымалдаудың "Каспий құбыр арнасы консорциумы" мұнай құбырын кеңейтуді көздейтін мультимодальдық экспорттық жүйесін, Ақтау - Баку - Тбилиси - Джейхан бағыты бойынша мұнай тасымалдау жүйесін құру, Атасу - Алашанькоу мұнай құбырын пайдалануға беру жөніндегі жұмыс жалғасады. Екінші буын зауытын салу және Теңіз кен орнында шикі газды айдау жобасын іске асыру аяқталады. Амангелді топты газ кен орындарын игеру жалғасады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды орындауын бақылау жүзеге асырылатын болады.

Үкімет өндіруші сектордың барлық компанияларын, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын және үкіметтік емес ұйымдарды Қазақстанның өндіруші салалар ашықтығының Британдық бастамасын енгізуіне қатысуға тартуды жоспарлап отыр, бұл Қазақстанның елдің табиғи ресурстарын игерудегі транспаренттілікті ұстанатынының айғағы болмақ.

Елдің халықаралық энергетикалық қауіпсіздікті қолдауға үлесін, сондай-ақ

Қазақстанның әлемдік экономикалық және саяси кеңістікке ену жөніндегі мүдделерін сақтауды қамтамасыз ететін энергетикалық саясатты іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі энергия тасығыштарды халықаралық нарықтарға жеткізудің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін энергетикалық саясатты көрші мемлекеттермен, ОПЕК мүшелерімен, сондай-ақ энергия ресурстарын сатып алушы елдермен үйлестіруді жоспарлап отыр.

Көмірсутек шикізатын терең өтеу және қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімдерін шығаратын жоғары технологиялы өндірістер құру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен мұнай-газ және мұнай-химия кластерлерін дамыту бойынша шаралар кешені әзірленетін болады. Бұл міндет шеңберінде Атырау облысында "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылатын болады және Маңғыстау облысында "Мұнай-химия технопаркі" АЭА-ны құру жөнінде ұсыныстар пысықталады. Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту аяқталады.

Мұнай-химия өндірісін дамытудың таяу арадағы он жылға арналған кешенді бас жоспары негізінде Атырау облысында тұңғыш ықпалдастырылған газ-химия кешенін салудың инвестициялық жобасын іске асыру, ТШО газынан (көлемі жылына 6 млрд. текше метр), ал кейіннен Қашаған мен солтүстік Каспий кен орындары газынан (көлемі жылына 3 млрд. текше метрден астам) этан мен пропанды бөлу жөніндегі қондырғыларды, этилен мен мұнай-химиясының басқа да өнімдерін ала отырып, этанның булы крекингі қондырғыларын салу басталады .

Қазақстан Республикасы электр энергиясының және энергетикалық қуаттарының 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған теңгерімін нақтылау жөнінде жұмыс жүргізіледі, электр энергиясының өңірлік тапшылығын жабуды, электр энергиясының халықаралық транзиті мен экспортын қамтамасыз етуді ескере отырып, электр энергетикасын дамыту бағдарламалары түзетіледі, Ұлттық электр желісінің транзиттік әлеуеті ұлғайтылады, Қазақстан Республикасы, Орталық Азия және Ресей Федерациясы энергия жүйелерінің қатарлас жұмыс жүргізу кезіндегі сенімділігі арттырылады.

"Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің ЖЖ-500 кВ екінші желісін және "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңiраралық электр беру желісін салу, елдің ұлттық электр желісін жаңғырту, Алматы облысында Мойнақ СЭС-ін салу жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Екібастұз қаласы ауданында қуаты 7200 мВт жылу-энергетика станциясын салу мәселесі пысықталады.

Үкімет "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін қалыптастыруды және Ұлттық ядролық орталықтың базалық ядролық-физикалық қондырғыларын жаңғыртуды жалғастырады. 2007 жылы Атом энергетикасын дамытудың 2008-2030 жылдарға арналған бағдарламасы (1-кезең: 2008-2010 жылдар) әзірленетін

болады.

Қабылданған шаралар **нәтижесінде** 2008 жылы мұнай өндірудің жылына 70 млн. тоннаға дейін, газдың жылына 36 млрд. текше метрге дейін өсуі қамтамасыз етіледі, көмірсутектер мен оларды өңдеу өнімдері бойынша экспорттық әлеует 117 %-ға дейін ұлғаяды және мұнайды өңдеу өнімдерін еуропалық стандарттар (ЕВРО-3) деңгейінде өндіруге қол жеткізіледі. Экспорттық әлеует екі есеге өсіп, электр энергиясын шығару жылына 80 млрд. кВт/сағ-қа дейін ұлғайтылады. Көмір өндіру жылына 87,5 млн. тоннаға дейін ұлғаяды.

**Кластерлерді дамытуға, халықаралық маңызы бар "серпілісті" жобаларды іске асыруға және елді әлемдік экономикаға кіріктіруге бағытталған индустриялық-инновациялық даму**

**Мақсаты**

Әлемдік шаруашылық жүйесінде накты "орынды" иеленетін және жаңа экономикалық жағдайға жылдам бейімделуге қабілетті бәсекеге қабілетті экономика құруға арналған жағдайды қамтамасыз ету.

*Өнеркәсiптiң бәсекеге қабiлеттiлiгiн арттыру және кластерлiк бастамаларды iске асыру*

**Шешу жолдары:**

Халықаралық және өңiрлiк маңызы бар "серпiлiстi" жобаларды iске асыру, ұлттық тауарлар мен қызметтердiң халықаралық бәсекеге қабiлеттiлiгiн қолдау, сондай-ақ ДСҰ-ға кiру жөнiнде қабылданатын мiндеттемелер шеңберiнде экономиканың бiрқатар салаларын бейiмдеу жөнiндегi шаралар кешенiн күшейтудi ескере отырып, Индустриялық-инновациялық дамудың 2015 жылға дейiнгi стратегиясының екiншi кезеңiн iске асыру жөнiндегi iс-шаралар жоспары әзiрленетiн болады.

Елдiң бәсекеге қабiлеттiлiгiн арттыру, атап айтқанда өндiрiстiк қорларды күрделi жаңартуды ынталандыру және инвестициялар тарту мақсатында тиiстi заңнамалық және нормативтiк құқықтық актiлер жетiлдiрiледi.

Пилоттық кластерлердi құру және дамыту, сондай-ақ кластерлiк бастаманың географиясын кеңейту жоспарларын iске асыру жөнiндегi жұмыс жалғасады. 2006 жылдың аяғына дейiн Үкiметтiң қолдауымен тиiстi өңiрлердiң әкiмдерi пилоттық кластерлердi, оның iшiнде Оңтүстiк Қазақстан облысында "Тоқыма өнеркәсiбiн", Қарағанды облысында "Металлургияны", Батыс Қазақстан облысында "Мұнай-газ машиналарын жасауды", Алматы қаласында және Алматы облысында "Туризмдi" дамытудың егжей-тегжейлi мастер-жоспарларын әзiрлейтiн болады.

2006 жылы Туризмдi дамыту бағдарламасы қабылданады.

Кейбiр заңнамалық актiлерге арнайы экономикалық аймақтар мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзiледi, сондай-ақ Қазақстан

Республикасында индустриялық аймақтарды қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы әзірленеді.

**Нәтижесінде** негізгі қорларды жаңарту және өңдеуші өнеркәсіпке ішкі және шетелдік инвестициялар тарту үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасалатын болады.

Халықаралық бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан неғұрлым перспективалы салаларды дамытудың кемінде үш бас жоспары әзірленетін болады.

Астана, Теміртау қалаларында индустриялық аймақтарды қалыптастыру аяқталады. 2008 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын салу аяқталатын болады.

2008 жылдың аяғына қарай өңдеуші өнеркәсіп пен қызметтер секторы өнімдерінің құндық мәндегі экспорты 1,7 есе ұлғаяды.

Өңдеуші өнеркәсіптің жыл сайынғы өсу қарқыны кемінде 6.7 % деңгейінде қамтамасыз етіледі.

Өңдеуші өнеркәсіп салаларында және қызметтер секторында: машина жасауда, металлургияда, өнеркәсіптің тоқыма, химия салаларында және агроөнеркәсіптік салада кемінде 10 бірлескен кәсіпорын құрылатын болады.

*Өңірлік және жаһандық экономиканың қажеттіліктерін ескере отырып, нысаналы "орындарды" айқындау және "серпілісті" жобаларды іске асыру*

**Шешу жолдары:**

"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ құрылды, бұған мемлекеттік даму институттары: "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ны, "Қазақстанның инвестициялық қоры" АҚ-ны, "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-ны, "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ-ны, "Қазинвест" АҚ-ны, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ны, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" АҚ-ны басқару функциялары беріледі.

Зерттеулер және даму институттарымен, ұлттық компаниялармен, отандық және шетелдік инвесторлармен бірлескен жұмыс негізінде орта мерзімді және ұзақ мерзімді нысаналы жобалардың тізбесі мен оларды іске асыру жөніндегі шаралар кешені қалыптастырылатын болады.

Бұл тізбеге өңірлік және халықаралық маңызы бар "серпілісті" жобалар енгізіледі, оларды іске асыруға мемлекеттік бюджеттің, қаржылық даму институттарының, жеке инвесторлардың ресурстарын тиімді шоғырландыру қамтамасыз етіледі.

"Қазына" АҚ даму институттары тобының шеңберінде инвестицияларға жәрдемдесу және шетелдегі сауда-инвестициялық өкілдіктер желісімен экспортты жылжыту жөніндегі мамандандырылған құрылым құрылатын болады. Сондай-ақ шикізат емес тауарлар экспорты мен жоғары технологиялы

жабдықтың импортын институционалды қолдау жүйесі қалыптастырылатын болады.

Отандық бизнестің, әсіресе экспорттаушы кәсіпорындардың мүддесін ескере отырып, ірі халықаралық жобаларды топтап қаржыландыруда қазақстандық қатысуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешені қабылданатын болады. Осыған байланысты Дүниежүзілік Банк, Еуразия Қайта Құру және Даму Банкі, Азия Даму Банкі, сондай-ақ Еуразия даму банкі сияқты халықаралық қаржы институттарымен жұмыс жандандырылатын болады.

Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру және шетелдік әріптестіктерді, атап айтқанда, трансұлттық компанияларды іздеу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Қазақстанның "құрметті консулдары" институтын құру және оны белсенді пайдалану жоспарланып отыр.

**Нәтижесінде** республиканы технологиялық дамытудың 2015 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау, даму институттарын корпоративтік басқару сапасын арттыру, олардың "серпілісті" жобаларды ілгерілетуге арналған ресурстарын шоғырландыру, бәсекеге қабілетті индустрия мен қызметтер саласына дамыту күтілуде.

Мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынысты даму институттарының ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен және кәсіпкерлік құрылымдармен тиімді жұмыс жүргізу және оң нәтижелер алу мақсатында өзара іс-қимыл жасауы кеңейеді.

*Инновациялық сипаттағы "серпілісті" жобаларды әзірлеуге және іске асыруға және елді халықаралық ғылыми қоғамдастыққа ықпалдастыруға бағытталған ғылыми-технологиялық даму*

**Шешу жолдары:**

Әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың жоғары қарқынына қол жеткізу мақсатында тиімді құруды қамтамасыз ететін ғылымның жаңа даму моделін қалыптастыруға, жаңа білімді қолдау мен пайдалануға бағытталған Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін болады. Бұл бағдарлама ғылым мен өндірістің өзара байланысын күшейту мақсатында іргелі және қолданбалы ғылымды дамытудың негізгі бағыттары мен басымдықтарын айқындайды.

Елдің ғылыми-технологиялық және инновациялық дамуының басым бағыттары бойынша жоғары оқу орындарын және ғылыми ұйымдарды ықпалдастыруға мүмкіндік беретін халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық өрістетілетін болады, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жүргізілетін ғылыми зерттеулердің халықаралық сараптамасы енгізілетін болады.

Халықаралық қатысумен қазіргі заманғы ғылыми орталықтар құрылып, дамитын болады. Халықаралық сараптаманы тарта отырып, конкурстық рәсімдер негізінде қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың грант әдісі д а м и д ы .

Әлемдік стандарттарға жауап беретін ғылыми-техникалық ақпараттың қазіргі заманғы ұлттық жүйесін, оның ішінде жетекші халықаралық ғылыми басылымдарда дәйек сөздік индексі мен жарияланымдар енгізу жолымен құру ж о с п а р л а н у д а .

Әлемдік деңгейде осы әзірлемелерді кейіннен коммерцияландыра отырып, ғылыми биотехнологиялық зерттеулер жүргізілетін болады.

Ғарыш саласында, сондай-ақ нанотехнологиялар саласында ғылыми-зерттеу мен жобалау-конструкторлық қызмет дамитын болады. Жеке меншік секторды ғылыми зерттеулерге қатысуға тартуды ынталандыру жөніндегі шаралар кешені ә з і р л е н е т і н б о л а д ы .

Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру мен дамыту мақсатында Үкіметтің іс-қимылы инновациялық және қаржылық инфрақұрылымдарды д а м ы т у ғ а б а ғ ы т т а л а т ы н б о л а д ы .

Жоғары технологиялар саласындағы жаһандану мүмкіндіктерін ескере отырып, технологиялық даму басымдықтары айқындалатын болады.

Басым бағыттар, оның ішінде халықаралық қатысумен "технологиялық парктер" мен "технологиялық бизнес-инкубаторлар" желісін құру және дамыту жоспарлануда. Құрылатын ұлттық және өңірлік деңгейдегі технопарктер базасында инновациялық жобалар іске асырылатын болады.

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының бірінші кезегі іске қосылады және екінші кезегінің құрылысы басталады. Инфрақұрылымның қалыптастырылуын, паркті технологиялық жағынан молықтыруды, ақпараттық технологиялар кластерінің қалыптасуын және парктің өңірлік IT-орталық ретінде қалануын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

2007 жылдан бастап "Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген инновациялық гранттар беру т е т і г і е н г і з і л е т і н б о л а д ы .

Тәуекелді инновациялық жобаларды қаржыландырудың арнайы тетіктерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесіп құрылатын венчурлік қорлар желісі арқылы қаржы инфрақұрылымы д а м у а л а д ы .

Озық шетелдік технологиялардың, оның ішінде Қазақстанның жаңа технологияларды әзірлейтін әрі дамытатын халықаралық компаниялардың құрылтайшысы және акционері ретінде қатысуы арқылы трансферт жүйесі құрылатын болады. Басқару органдарында қазақстандық мамандардың қатысуын

қамтамасыз ете отырып, халықаралық венчурлік қорлармен және компаниялармен бірлескен қорлар құрылады, негізі әлемдік технологиялық орталықтарда "Ұлттық инновациялық қор" АҚ өкілдіктер желісін құру жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

**Нәтижесінде** экономиканың жаңа жоғары технологиялы бағыттары даму алады, мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясаттың тиімділігі артады. Ғылым мен білімнің ықпалдасуына қол жеткізіледі және ұлттық ғылыми-техникалық ақпаратқа ашық қол жетімділік қамтамасыз етіледі, белгілі бір басым бағыттар, оның ішінде биотехнология, нанотехнология, ғарыш индустриясы, ядролық технологиялар, ақпараттық технологиялар бойынша технологиялық артта қалу қысқартылатын болады.

Өңірлердегі инновациялық қызмет жандандырылатын болады, онда 2008 жылы кемінде 6 өңірлік технопарк, 12 технологиялық бизнес-инкубатор мен көмекші инфрақұрылым элементтері (сервистік-технологиялық орталықтар) жұмыс істейтін болады.

*Тиімді мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін қалыптастыру*

**Шешу жолдары:**

Адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау үшін өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында техникалық реттеу саласындағы қолданыстағы заңнаманы халықаралық талаптарға сәйкес келтіру жөнінде жұмыс жүргізіледі және техникалық регламенттер әзірленеді.

Ұлттық стандарттардың халықаралық стандарттармен үйлесімі жөніндегі жұмыс, сондай-ақ экономиканың барлық салаларында менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттарын енгізу жалғастырылады.

Экономиканың әр түрлі салаларында аккредиттелген зертханалар мен стандарттау, метрология қызметтерін, сондай-ақ жаңа техникалық комитеттер құру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу жоспарланып отыр.

Менеджмент жүйелері стандарттарын енгізген кәсіпорындарды экономикалық ынталандыру жөнінде жұмыс жалғастырылады.

Қазақстан Сынақ зертханаларын аккредиттеу жөніндегі халықаралық қауымдастыққа және Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форумға кіреді.

Экономиканың өлшем бірлікті қамтамасыз етудегі салаларының қажеттіліктерін қанағаттандыруға, халықаралық деңгейдегі өлшемдердің нәтижелерін оларды халықаралық аналогтармен салыстыру арқылы тануға ықпал ететін Қазақстан Республикасының шама бірліктерінің эталондық базасын құру және жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Агроөнеркәсіптік кешені өнімінің сапасын бақылауды және қауіпсіздік тәуекелдерін бағалауды халықаралық талаптарға сәйкес келтіру үшін "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" Заң әзірленеді. Халықаралық стандарттарға

үйлестірілген тамақ өнімдері қауіпсіздігінің техникалық регламенттері және сапасының ұлттық стандарттары бекітіледі, тектік түрлендірілген өнімнің өндірісі мен айналымын реттеу жөнінде нормативтік құқықтық база қалыптастырылады.

Ветеринария және өсімдіктер карантині жөніндегі зертханаларды ДСҰ-ның санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі келісімдеріне сәйкес материалдық-техникалық қайта жарақтандыру қамтамасыз етіледі. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі бірыңғай ақпараттық орталық құру, ауылдық жерлерде сою пункттері мен мал көмінділер желісін ұйымдастыру, қауіпсіздікті бақылау және тәуекелдерді бағалау саласындағы мамандарды оқыту және қайта даярлау жөнінде жұмыс жүргізу жоспарланып отыр.

**Нәтижесінде** заңнамалық және нормативтік құжаттардың ашық екі деңгейлі жүйесі қалыптастырылатын болады, оның жоғарғы сатысы - техникалық регламент, төменгісі - халықаралық талаптармен және нормалармен үйлестірілген стандарттар. Халықаралық талаптарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімдері қауіпсіздігінің сапасын бақылау және тәуекелдерін бағалау жүйесі қалыптастырылатын болады. Бұл қазақстандық өнімнің ішкі және сол сияқты сыртқы нарықтарда да бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

*Авторлық құқықтар мен зияткерлік меншікті қорғау үшін қолайлы жағдай жасау*

**Шешу жолдары:**

Үкіметтің зияткерлік меншік саласындағы саясаты қорғалған тауар белгілері мен зияткерлік меншік құқықтары бар тауарлар өндіру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталатын болады. Осы мақсатта авторлық құқық объектілері мен тауарлар белгілерін пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау мен жоюға бағытталған іс-шаралар кешені әзірленетін болады. Контрафактілік өнім өндіру жөніндегі астыртын цехтар мен сақтау қоймаларын, сондай-ақ контрафактілік өнімді жеткізу арналары мен өткізу желілерін анықтау жөніндегі іс-шаралар жандандырылады.

Патент жүйесін жетілдіру мақсатында зияткерлік меншік мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, Қазақстан Республикасының патент жүйесін дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленеді.

Қоғамда контрафактілік өнімге және зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдалануға төзбеушілік көзқарас ортасын қалыптастыру жөнінде ауқымды жария наукан кең таралатын болады.

Қабылданған шаралар **нәтижесінде** контрафактілік өнім деңгейінің қысқаруы , өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу жүйесін реформалау, сондай-ақ

Қазақстанның зияткерлік меншіктің қорғалған құқықтары мен тауар белгілері бар тауарларды өндіру үшін қажетті жағдай жасайтын мемлекет ретіндегі беделін арттыру күтілуде.

**Экспортты жылжытуға және ықпалдастық бастамаларды одан әрі тереңдетуге бағытталған сауда саясаты**

**Мақсаттары:** ДСҰ-ға кіру, қазақстандық тауарлардың халықаралық нарықтарға қол жетімділігін жақсарту, жаңа экспорттық "орындарды" жаулап алу және ықпалдастық бастамаларды одан әрі тереңдету.

*Экономиканы жаңғыртудың қосымша құралы ретінде ДСҰ-ға кіру*

**Шешу жолдары:**

ДСҰ-ға Қазақстан үшін қолайлы жағдайда кіру және отандық тауарларды сыртқы нарықтарға жылжыту жөніндегі саясатты іске асыру мақсатында Сауда саясатын дамыту орталығы құрылатын болады.

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда заңнамасын және құқық қолдану практикасын ДСҰ-ның міндетті келісімдерінің ережелеріне сәйкес келтіру жөнінде жұмыс аяқталатын болады, сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің қазақстандық нарығына қол жеткізу жөніндегі екі жақты келіссөздер жүргізілетін болады.

Отандық тауар өндірушілердің Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер процесінің шеңберіндегі бәсекелі жағдайларына бейімделуі мақсатында экономиканың осал секторлары үшін тиісті қорғау деңгейін қамтамасыз ететін арнайы бейімделу бағдарламасы әзірленетін болады.

Агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) техникалық жарақтандырудың сапалы өсуі, азық-түлік өнімі нарықтарын реттеудің жаңа тетіктерін енгізу негізінде салалардың бәсекеге қабілеттілігі мен өнімділігін арттыруға бағытталған АӨК-ті тұрақты дамыту жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын іске асыру жалғасады. Кооперацияны күшейту, қаржылық-сақтандыру, ақпараттық-маркетингтік, сервистік және ғылыми қамтамасыз етуді дамыту арқылы өнімді дайындау және қайта өңдеу жүйесін қамтитын АӨК инфрақұрылымын кешенді дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

АӨК-ті дамытуды мемлекеттік қолдау ДСҰ талаптарына сәйкес оңтайландырылатын болады. Бұл ретте мемлекет аграрлық сектордың индустриялануын, ауыл шаруашылығы өнімін халықаралық талаптарға сәйкес қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің өсуін және инновацияларды енгізуді ынталандыратын болады.

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін ескере отырып шетелдік капиталдың қатысуын шектеуді алып тастау мақсатында жұмыс жүргізілетін болады.

ДСҰ ережелері мен нормаларын, сондай-ақ Қазақстан қабылдайтын міндеттемелерді білу тұрғысынан отандық компаниялармен ақпараттық-таныстыру жұмысы жүргізілетін болады.

Қабылданған шаралар **нәтижесінде** Қазақстан қолайлы шарттар негізінде ДСҰ-ға мүше болады, бұл елдің экспорттық әлеуетін өрістетуге және қазақстандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

*Қазақстандық тауарлардың халықаралық нарықтарға қол жеткізуін жақсарту, жаңа экспорттық "орындарды" алу және ықпалдастық бастамаларды одан әрі тереңдету*

**Шешу жолдары:**

Экспорттық белсенділікке кедергі келтіретін әкімшілік, инфрақұрылымдық тосқауылдарды анықтау және қазақстандық тауарлар үшін неғұрлым перспективалы нарықтарды айқындау жөнінде бірқатар елдердің тауарлы нарықтарына талдамалық зерттеулер жүргізіледі.

Экспортқа арналған бәсекелі отандық өнімді жылжыту жөніндегі мақсатқа бағытталған саясатты қамтамасыз ету үшін Қазақстандық тауарлар экспортын сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу бағдарламасы әзірленетін болады.

Ауыл шаруашылығы өнімінің мақсатты географиялық нарықтарын анықтау жөніндегі талдамалық зерттеулер жүргізу негізінде республиканың ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімін сыртқы нарықтарға жеткізулерін арттыру ұстанымдарын бекітіп беру әрі күшейту үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар кешені әзірленетін болады.

Қосымша шаралар ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді фермерлік конгломераттар мен кооперативтерге біріктіруге ынталандыруға, олардың базасында қазіргі заманғы дамыған экспорттық инфрақұрылымы бар бордақылау кешендерін құруға бағытталатын болады. Астықты сатып алу және жемдік, бұршақ, арпа дақылдары есебінен сатып алынатын дақылдар түр-түрлерін кеңейту жүйесі одан әрі даму алады және астық пен қайта өңдеу өнімі экспортын сыртқы нарықтарға ынталандыру тетіктері әзірленетін болады.

Қазақстанның әлемдік мамандандырылған нарықтарға сапалы өнімді маңызды жеткізуші ретіндегі ұстанымдылығына бағытталған тікелей қолдау шаралары айқындалатын болады.

Ұлттық брендтерді қалыптастыру, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде көрме-жәрмеңке қызметін тиімді ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Қазақстанның жоғары сапалы тауарлар мен қызметтердің кең түр-түрлілігін өндіруші ретіндегі халықаралық беделін нығайту және отандық тауар брендтерін ұстанымдау мақсатында Қазақстанның негізгі сауда серіктес елдерінде сауда

миссияларының желісін құру жоспарланып отыр.

Сауда-экономикалық қатынастарды тереңдетуге және оны дамытудағы кедергілерді жоюға бағытталған өңірлік және ықпалдастық бірлестіктер шеңберінде, оның ішінде БЭК-ті құру, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі алғашқы кезектегі халықаралық шарттарды айқындау және оларға қол қою жоспарлануда.

Оларды Еуразия даму банкі арқылы қаржыландыру жолымен өңірлік бірлестіктер шеңберінде бірлескен инвестициялық және инновациялық жобалардың тізбесі айқындалатын болады.

"Қорғас" халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығын дамыту тұжырымдамасы белсенді түрде іске асырылатын болады.

Үкімет оларға мүше болу алдыңғы қатарлы технологиялар, білім мен стандарттар трансфертін қамтамасыз ететін қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығының тиісті халықаралық қауымдастықтарға кіруіне бағытталған шараларды дәйекті іске асыруды жүзеге асыратын болады.

**Нәтижесінде** қазақстандық өнімді жылжыту және экспорт көлемін, оның ішінде АӨК өнімінің экспортын ұлғайту және Қазақстанның әлемдік бидай экспорттаушылар бестігіндегі тұғырын күшейту үшін жағдай жасалады. Қолданыстағы ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамытуға және жаңаларын құруға ұмтылыс беретін негізгі серіктес елдермен экономикалық ықпалдасу тереңдей түседі. Отандық және халықаралық кәсіпкерлердің өзара іс-қимыл жасауының тиімді жүйесі қамтамасыз етілетін болады.

**Қазіргі заманғы және бәсекеге қабілетті көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту**

**Мақсаты.** Экономиканың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және елді әлемдік экономикаға тиімді ықпалдастырудың міндеттеріне жауап беретін тиімді ұлттық көлік және телекоммуникация инфрақұрылымын қалыптастыру.

*Көлік кешенін дамыту*

**Шешу жолдары:**

Темір жол, порт, авиация, автомобиль инфрақұрылымының сапасын, тиімділігін арттыруға, транзиттік әлеуетін кеңейтуге бағытталған Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы әзірленетін болады.

Мемлекеттік деңгейдегі негізгі іс-шаралар "тар жолдарды" жоюға және транзит үшін қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ "Шығыс-Батыс" және " Солтүстік-Оңтүстік" қағидаты бойынша құрылған негізгі көлік магистральдары мен байланыстырушы бағыттардың меридиандық және ендік орналасуының түрлендірілген моделін қолдану жолымен инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға шоғырланатын болады.

Оңтайлы көлік желісін қалыптастыру нормативтік база мен бақылау жүйесін

халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру үшін жағдай жасалатын болады. Бұдан басқа, көлік кешенінің ұзақ мерзімді активтерін жаңғырту, жаңарту және қалыптастыру әрі бейіндік отандық өндірістер құру жөнінде іс-шаралар жүргізілетін болады.

Көлік шығыстарын арзандату, жүктерді жеткізу уақытын қысқарту, қазіргі заманғы көлік-логистикалық орталықтар құру, спутниктік навигацияны пайдалана отырып, жолаушылар мен жүктердің халықаралық және қалааралық тасымалын диспетчерлік сүйемелдеуді дамыту жоспарлануда.

Отандық даму институттарының және жетекші халықаралық компаниялардың көмегімен мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктері арқылы көлік саласындағы капиталды қажетсінетін инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі жұмысты жандандыру жоспарланып отыр.

Мемлекетаралық деңгейде негізгі назар елдің көліктік транзиттік тасымалдарды реттеу, Қазақстан Республикасының толыққанды қатысуын қамтамасыз ету және халықаралық көлік одақтарындағы ұстанымды нығайту, тарифтерді біріздендіру, сондай-ақ қазақстандық транзиттік бағыттарды халықаралық көлік дәліздері желісіне қосу саласындағы басым халықаралық конвенцияларға қосылуына жасалады.

Қазіргі бар көлік инфрақұрылымын жаңғырту шеңберінде "Шар - Өскемен" темір жол желісін салуды және "Екібастұз - Павлодар" учаскесін электрлендіруді аяқтау, сондай-ақ "Маңғышлақ - Баутино", "Ералиев - Құрық" жаңа желілерін салу, "Мақат - Қандыағаш", "Алматы - Ақтоғай" темір жол учаскелерін электрлендіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу, Достық станциясын дамыту және "Ақтоғай - Достық" темір жол учаскесін жаңғырту, ҚХР-мен Қорғас жаңа халықаралық темір жол өтпесін және "Қорғас - Сарыөзек" темір жол желісін салу , жылжымалы құрамды жаңғырту мен жаңарту отандық локомотив және вагон жасау базасын құру жоспарланып отыр.

Қабылданған Автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес 2008 жылға дейін түйінді перспективалы бағыттарда автомобиль жолдары учаскелерін салуды және қайта жаңғыртуды жалғастыру жоспарлануда.

Су көлігі саласын дамыту Қазақстан Республикасының теңіз көлігін дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын, Кеме қатынасы және ішкі су жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2007-2012 жылдарға арналған бағдарламасын, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған Ақтау теңіз портын кеңейтіп, Құрық, сондай-ақ Баутино порттарын толыққанды құра отырып, Каспий жағалауы порттарын дамыту жөніндегі кешенді шараларды іске асыруды көздейді.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің теңіз операцияларына

тиімді қатысу мақсатында қайраңдағы теңіз операцияларын қолдайтын флотты құру жалғастырылады.

Әуе көлігі саласында Ақтөбе, Ақтау, Шымкент және Қостанай қалаларының әуежайларын қайта жаңарту жүргізіледі, Павлодар қаласы әуежайының ұшу-қону алаңын күрделі жөндеу, Алматы қаласының әуежайында жаңа ұшу-қону алаңын және Атырау қаласының әуежайында жаңа жолаушылар мен жүк терминалдарын салу жүзеге асырылады. Республиканың әуежайларын арнайы техникамен жарақтандыру, республиканың аэронавигациялық жүйесінің өндірістік қуаттарын жаңғырту мен дамытуды жүргізу жоспарлануда. Әуе кемелері паркін жаңарту жалғастырылады.

Астана қаласында әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін сервистік авиациялық-техникалық орталық құрылады. Бұдан басқа, Астана, Алматы, Атырау қалаларының тораптық әуежайларын қалыптастыру үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

**Нәтижесінде** ел экономикасының орта және ұзақ мерзімді даму перспективаларын ескере отырып, көлік-коммуникациялық кешенді серпінді дамытуға қол жеткізілетін болады. Қазақстанның көлік жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігі айтарлықтай арттырылатын болады.

*Телекоммуникация саласын дамыту*

**Шешу жолдары:**

2006 жылы Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленетін болады.

Телекоммуникация саласындағы заңнаманы үйлестіру, оны Еуропалық Одақ заңнамасына, ДСҰ және Халықаралық электр байланысы одағының талаптарына жақындастыру, саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып, қалааралық және халықаралық байланыс операторларының жарғылық қорындағы шетелдік капиталдың қатысуына шектеулерді жою мақсатында экономиканың осы саласының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, "KAZSAT-1" қазақстандық байланыс және хабар тарату спутнигін ұшыру сияқты телекоммуникация желісін жаңғыртудың және дамытудың басым бағыттары іске асырылатын болады, бұл Қазақстанға спутник байланысының халықаралық операторларының санына кіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оны кейіннен ұшыра отырып, "KAZSAT-2" спутнигін жасау жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады. Ұлттық ақпараттық супермагистраль құрылысын жалғастыру; жергілікті телекоммуникация желісін; деректерді беру желісін, оның ішінде Интернетті, ұялы байланысты және жаңа буынды телекоммуникация желісін қайта жаңғырту мен дамытуды жүзеге асыру

ж о с п а р л а н у д а .

**Нәтижесінде** 2008 жылға қарай мынадай негізгі индикаторларға қол ж е т к і з і л е д і :

тіркелген телефон желілерінің тығыздығы - елдің 100 тұрғынына 23;
ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - елдің 100 тұрғынына 50;
жергілікті телекоммуникация желілерін цифрландыру деңгейі - 80 пайыз;
Интернетті пайдаланушылар тығыздығы - 100 тұрғынға 10.

## II. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРЛАУЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУДІҢ ІРГЕТАСЫ РЕТІНДЕ ОДАН ӘРІ ЖАҢАРТУ МЕН ӘРТАРАПТАНДЫРУ

*Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту*

**М а қ с а т т а р ы :**

Инфляцияны тежеу, экономиканың "қызып кетуінің" теріс салдарын болдырмау, инфляцияның теріс салдарын төмендету және экономикалық өсуді ынталандыру үшін нақты айырбас бағамының қажетті икемділігін ұстау, қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

**Ш е ш у ж о л д а р ы :**

Баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге Үкімет пен Ұлттық Банктің экономикадағы ақша ұсыныстарын реттеуді, бәсекелестікті дамытуды және ішкі тауар нарықтарының теңгерімділігін арттыруды, тариф және сауда саясаты жөніндегі іс-шараларды жүргізуді болжайтын инфляцияға қарсы кешенді саясатын қалыптастыру және іске асыру жолымен қол жеткізілетін болады.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшу, нарықтың шамадан тыс өтімділігін реттеу, валюталық режимді одан әрі ырықтандыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыратын болады.

Экономиканың "қызып кетуінің" теріс салдарын болдырмау үшін мұнай мен газ өндірудің ұтымды кестесін құра отырып, мұнай-газ секторы дамуының елдің экономикалық дамуына ықпалын бағалау жүргізілетін болады. Номиналдық ЖІӨ-нің өсу қарқынымен теңдестірілген мемлекеттік бюджет шығыстарының өсу қарқынын қамтамасыз ететін фискалдық саясат және бюджеттің мұнайдан болмайтын тапшылығын біртіндеп төмендету жүргізілетін болады.

2006 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлттық қордың жаңа схема бойынша жұмыс істеуге көшуі жүзеге асырылады, бұл Ұлттық қордың экономиканың теңгерімді дамуын және экономиканың "қызып кету" қаупін төмендетуді қамтамасыз ететін макроэкономикалық реттеуіш ретіндегі рөлін күшейтеді.

Инфляцияның өсуінің теріс салдарын төмендету және экономикалық өсуді ынталандыру үшін Ұлттық Банк теңгенің нақты айырбас бағамының икемділігін

қамтамасыз етеді, бұл ол бойынша бағдарды белгілеместен, теңгенің қалқымалы айырбастау бағамы саясатын жүргізуді болжайды. Қажет болған жағдайда инфляциялық күтуге таралуға қабілетті валюталық бағамның қысқа уақыттық және алыпсатарлық ауытқушылықтарын әлсірету мақсатында валюталық интервенция жүргізілетін болады.

Қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету саласындағы шаралар мынадай бағыттарда жүзеге асырылатын болады:

банк секторының сырттан қарыз алуын реттеудің жанама әдістерін ( құралдарын), оның ішінде ең аз резервтік талаптарды есептеу әдістемесін жетілдіру, валюталық өтімділік нормативтерін, банктік сектордың сырттан қарыз алу лимитін, банктердің ашық валюталық ұстаным лимиттерін белгілеу;

қаржы секторындағы, әсіресе банк секторындағы одан әрі ырықтандыру және бәсекелестікті арттыру, оның ішінде Қазақстан аумағындағы шетелдік банктер филиалдарының қызметіне рұқсат беру мүмкіндігін қарау, қаржы секторындағы монополияға қарсы саясаттың тиімділігін арттыру, банктердің шоғырландырылған қадағалау, меншік иелерінің құрылымы, аффилиирленген тұлғалармен қарым-қатынас бөлігінде банктік қадағалау рәсімдерін жетілдіру, " Қазпочта" АҚ-ның халыққа қаржылық қызметтер көрсету жөніндегі мүмкіндіктерін кеңейту;

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құруды қоса алғанда, қор нарығын одан әрі дамыту, инвестициялық банкинг саласындағы бәсекені қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар жүзеге асыратын операциялардың тізбесін кеңейту, корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру.

Инфляцияға қарсы шаралар кешенін іске асыру **нәтижесінде** инфляцияны 2006 жылы 5,7 - 7,3 % және 2007 - 2008 жылдары 5 - 7 % "межесінде" ұстап тұру көзделіп отыр. Ұсынылған шараларды іске асыру экономиканың қызып кетуінің теріс салдарының пайда болу қаупін төмендетуге мүмкіндік береді, қаржы нарығының тұрақтылығын сақтауға, бәсекелестікті ұлғайтуға және нарыққа қатысушылар қызметінің ашықтығын арттыруға, бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

*Фискалдық тәртіпті арттыруға бағытталған және экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ететін бюджет-салық саясаты*

**Мақсаттары:**

Экономиканың шикізат емес салаларын әртараптандыруды және дамытуды ынталандыру, салық жүктемесін ұлғайтпай мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді барынша ұлғайту, борышты басқаруды және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру.

**Шешу жолдары:**

Экономиканың жаңа салаларын әртараптандыруды ынталандыру және дамыту, шетелдік капитал мен "ноу-хауды" тарту үшін мыналар көзделеді:

2007 жылдан бастап қосылған құн салығының ставкасын 1 %-ға, ал 2008 - 2009 жылдардан бастап - тағы 1-2 %-ға төмендету.

2007 жылдан бастап 10 % мөлшерінде жеке табыс салығының тіркелген ставкасын енгізу. Еңбекақы аз төленетін қызметкерлер санатының кіріс деңгейін сақтау үшін олардың салық салынатын кірістерінен айлық есептік көрсеткіштің орнына жалақының ең аз мөлшерін алып тастау;

2007 жылдан бастап шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық салудың азайтылған бірыңғай ставкасын енгізу;

2008 жылдан бастап әлеуметтік салықты орташа есеппен 30 %-ға төмендету.

Салық ставкаларын ұлғайтпай мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді барынша ұлғайту үшін қатаң салық тәртібін сақтау, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінде мамандандырылған құрылым құру көзделеді. Салықтық және кедендік әкімшілік ету саласында реформалар жүргізіледі; салық төлеушілер үшін электрондық қызмет көрсетулер кеңейтіледі, "жалған кәсіпкерліктің", "қолма-қол ақшаға айналдыру" фирмалары қызметінің және көлеңкелі айналымның, оның ішінде акцизделетін өнімдердің көлеңкелі айналымының жолын кесу әдістері енгізіледі.

Бюджеттің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік шығыстарды шектеуге, қатаң бюджет тәртібін сақтауға, Ұлттық қорда мұнай кірістерінің айтарлықтай бөлігін жинақтауға, экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруды ынталандыруға бағытталған салмақты фискалдық саясатты жүргізу үшін бюджет заңнамасын одан әрі жетілдіру көзделеді, оның ішінде:

Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасына сәйкес бюджетті қалыптастыруға көшу;

Бірыңғай бюджет сыныптамасының функционалдық шығыстар топтары деңгейінде үш жылдық бюджеттік жоспарлау;

бюджеттің атқарылу процесінің бюджеттік бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелігіне бағдарлануы;

бюджет ақшасын (қолма қол ақшаны) басқару сапасын арттыру;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен олардың мемлекеттік мекемелерінің бюджет қаражатын пайдалануы үшін жауапкершілік шараларын белгілеу.

Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты белгілі бір мөлшерде ұстап тұру үшін борышты басқарудың тиімді жүйесін құру және елдің жалпы сыртқы борышының өсуін ұстап тұру жөніндегі нақты тетіктерді әзірлеу көзделеді.

Бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру үшін Үкімет субвенциялар мөлшерін бекітіп бере отырып, бюджетаралық қатынастардағы тұрақтылықты және орта мерзімді кезеңге арналған алып тастауларды қамтамасыз ету жөніндегі

, өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілуін олардың халқының Конституцияда кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерге тең қол жеткізуіне жету мақсатында теңестіру үшін Жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесін жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдайды.

Жоспарланатын шараларды іске асыру **нәтижесінде** мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтумен қатар кәсіпорындардан қосымша қаражатты босату, көлеңкелі жалақы төлеуді одан әрі азайту, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық жүктемесін азайту, салықтық әкімшілік етуді оңайлату, халықты жұмыспен қамтуды өсіру, шағын бизнес субъектілерінен бюджетке түсетін түсімдердің үлес салмағын 2005 жылғы 14 %-дан 2008 жылы 20 %-ға ұлғайту, салық және кеден органдарындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, мемлекеттік бюджеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету күтіледі.

*Мемлекеттік активтерді тиімді басқару*

**Мақсаты:**

Мемлекеттің мемлекеттік активтерді басқарудың ашық және айқын жүйесін құру негізінде тиімді меншік иесі және менеджер ретінде қалыптасуы.

**Шешу жолдары:**

Мемлекет активтерін басқарудың ашық және айқын жүйесін құру үшін Үкімет мемлекеттік активтерді басқарудың қолданыстағы жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік активтерді басқару саласындағы заңнама мен әдістемелік базаны жүйелендіруге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыратын болады.

Стратегиялық маңызы бар салаларда экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мақсатында 2006 жылғы қаңтарда "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ (бұдан әрі - "Самұрық" холдингі" АҚ) құрылды.

Үкімет "Самұрық" холдингі" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумды , акцияларының мемлекеттік пакеттері холдингінің жарғылық капиталына берілетін ұлттық компаниялар мен басқа да акционерлік қоғамдардың тізбесін бекітті.

Холдинг қызметін қамтамасыз ету үшін 2006 жылы Үкімет нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізетін болады. Холдинг қызметінің шеңберінде ұлттық компаниялардың бағалы қағаздарын Қазақстанның қор нарығына шығару жоспарлануда.

2006 жылы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерінің алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибесін енгізуге бағытталған "Концессия туралы" Заң жобасы әзірленеді.

Осы ұйымдар әлеуметтік мәні бар қызметтерді көрсету және мемлекеттік қолдауды талап ететін қызмет салаларын дамыту үшін жұмыс істеуі тиіс қызмет салаларын анықтау мақсатында акцияларының бақылау пакеттері (қатысу

үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызмет салаларын талдау жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік меншікті түгендеуді жүргізу және бүкіл ел үшін ортақ бірыңғай дерекқор құру үшін Үкімет мыналарға бағытталған шараларды дәйекті іске асыруды жүзеге асыратын болады:

акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мүлкін түгендеуді жүргізуге;

осы ұйымдардың өздеріне жүктелген міндеттерді іске асыруы үшін қажетті мүлік құрамын (зияткерлік меншікті және жылжымайтын объектілерді ескере отырып) айқындауға;

бәсекелі ортаға берілуге тиіс мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің және акциялар пакеті (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік заңды тұлғаларға, ұйымдарға бекітіліп берілген мүліктің тізбесін айқындауға;

мемлекеттік басқару деңгейлері арасында мемлекеттік мүліктің ара-жігін нақты ажыратуға;

жергілікті атқарушы органдарға Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізіліміне (бұдан әрі - Тізілім) рұқсат беру жөніндегі жұмыстарды жергілікті бюджеттен қаржыландыруға және оны "on-line" режимінде ұстауға;

есепке алу объектілері бойынша Тізілім деректерін жандандыру мақсатында "электрондық үкімет" шеңберінде құрылатын "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан Тізілім ұстаушыға электронды форматта ақпарат беруге.

Оңалту немесе банкроттық туралы шешім қабылдау кезінде бірыңғай өлшемдерді қолдану, сондай-ақ конкурстық басқарушыларды тарту тетігін жетілдіру үшін Үкімет оңалту және қайта құрылымдау рәсімдерін қолдануға болатын рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін және мониторингін және олардың төлемге қабілеттілігінің жай-күйін талдауды жүргізу тетігін айқындайды.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, оларда жаңа өндірістерді ұйымдастыруға болатын рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындардың дерекқоры қалыптастырылады, дағдарысқа қарсы басқарудың, оны Қазақстанның қазіргі заманғы жағдайына бейімдеудің әлемдік тәжірибесі зерделенеді. Залалды мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде оларға қатысты Үкімет соңғы қадам ретінде банкроттық рәсімін қолданады.

Қабылданатын шаралар **нәтижесінде** мемлекеттік активтерді басқарудың

ашық жүйесі, мемлекеттік меншіктің бірыңғай дерекқоры құрылады, мемлекеттік кәсіпорындардың және акциялар пакеті (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі ұйымдардың оңтайлы саны айқындалады. Рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту немесе олардың банкроттығы туралы шешімдер қабылдау жөніндегі тетіктер әзірленетін болады.

Мемлекеттік активтерді тиімді басқару жөніндегі жаңа институттардың құрылуы мемлекеттік активтерді басқару тиімділігін арттыруға және қор нарығын дамытуға ықпал етеді.

*Нарық қағидаттары негізінде мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы экономикалық өзара қатынастарды құру*

**Мақсаты:**

Мемлекет пен жеке меншік сектордың ақпараттық технологиялар енгізу, келісім-шарттық қатынастарды дамыту, жеке меншік институтын нығайту және инвесторлардың құқықтарын қорғау жолымен өзара тиімді іс-қимылы

**Шешу жолдары:**

Экономикаға мемлекеттік қатысуды оңтайландыруға мемлекеттік функциялардың бір бөлігін және мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет қатысатын субъектілер қызметінің жекелеген түрлерін бәсекелі ортаға беру есебінен қол жеткізілетін болады. Ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және олардың төрешілдік дәрежесін азайту мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттарын енгізу, мемлекеттік қызметтер ұсынудың салалық стандарттарын бекіту, мемлекеттің араласуын шектеу және бәсекелестікті дамыту жөніндегі қосымша нақты шаралар әзірлеу арқылы жүретін болады.

"Азаматтық кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасын дайындау шеңберінде келісім-шарттық қатынастарды дамыту және жеке меншік институтын нығайту, оның ішінде ұлттық меншіктен алуға қарсы кепілдіктерді қамтамасыз ету мәселелерін пысықтау жоспарлануда. Қазақстан Республикасының аумағында аралық және төрелік соттардың қызметін дамыту жөнінде одан арғы шаралар қабылданатын болады.

Миноритарлық акционерлер мен құрылтайшылардың құқықтарын заңнамалық қорғау мақсатында компаниялардың жарғылық капиталында аз үлестерді иеленетін инвесторлардың, акционерлердің және құрылтайшылардың құқықтарын қорғау жөнінде заң әзірленетін болады.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, әкімшілік кедергілер мен сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында Үкімет "электрондық үкімет" жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

2006 жылы тіркеу рәсімдерін оңайлату үшін "Қазақстан Республикасы сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Заң қабылданады,

сондай-ақ "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

"Электрондық үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастыру шеңберінде мынадай:

"Жеке тұлғалар" және "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорлар, оның шеңберінде 2007 жылы СТН-ді, ӘЖК-ті азаматтың жеке сәйкестендіру нөміріне; СТН-ді, КҰЖС кодын және тіркеу нөмірін бизнес-сәйкестендіру нөміріне ауыстыру басталады, ал мекен-жай ақпаратын бірыңғай сипаттау үшін - " Мекен-жай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;

мемлекеттік органдардың арасында деректермен қорғалған алмасуды ұйымдастыру үшін бірыңғай техникалық орта;

Астана қаласында электронды цифрлық қолтаңба пайдаланылатын мемлекеттік органдардың ведомствоаралық құжат айналымын;

олар арқылы электронды түрде мемлекеттік қызметтер ұсынылатын " электрондық үкіметтің" ведомстволық ақпараттық жүйелермен біріктірілген порталы мен шлюзін;

азаматтар мен бизнес-құрылымдарға цифрлы сертификаттар беруге арналған ашық кілттер инфрақұрылымын;

ведомстволық ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы мемлекеттік органдардың электрондық қызметтерін;

"электрондық үкіметтің" бірыңғай сәулеті талаптарына сәйкес келетін " электрондық әкімдік" құру жөніндегі пилоттық жоба;

оның көмегімен "электрондық үкіметтің" порталы арқылы төлем транзакциялары жүзеге асырылатын төлем шлюзін;

халық пен бизнестің "электрондық үкімет" қызметтеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін ақпараттандыру саласындағы Ұлттық оператордың базасындағы қоғамдық қол жеткізу пункттері мен компьютерлік сауаттылыққа оқыту орталықтарын құру жөніндегі жобалар іске асырылатын болады.

Көрсетілген іс-шараларды жүргізу **нәтижесінде** мемлекеттің экономикаға араласуын шектеу, даулар мен төрелік рәсімдерді тәуелсіз қарау жүйесін дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту және бизнесті дамыту үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ ақпараттық технологияларды, әсіресе электрондық лицензиялау, кедендік және салықтық декларациялау, электронды мемлекеттік сатып алу, зейнетақымен қамсыздандыру және білім беру салаларында кеңінен қолдануға бағытталған мемлекеттің халықпен тиімді өзара іс-қимыл жасауы күтіледі.

*Тауарлар мен қызметтер нарықтарының тиімді жұмыс істеуіне бағытталған бәсеке және тариф саясатын іске асыру*

**Мақсаттары:**

Табиғи монополиялар саласында мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру, бәсекені дамыту және тауарлар мен қызмет көрсетулер нарықтарының серпінді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау.

**Шешу жолдары:**

Бәсеке саясаты саласында тауар нарықтарында бәсекелестік қатынастардың тиімді жұмыс істеуі, баға келісімі, субъект өзінің артықшылық жағдайын асыра пайдаланған және теріс пиғылды бәсеке жүзеге асырылған жағдайда монополияға қарсы ден қою шараларын жедел қолдану үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған, сондай-ақ монополияға қарсы органның және оның аумақтық бөлімшелерінің өкілеттіктерін күшейтетін "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Заңның жаңа жобасы қабылданатын болады.

Экономиканы монополияға қарсы реттеу жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу жоспарлануда.

Монополияға қарсы органды экономикалық шоғырланудан бақылауды, экономиканың барлық салаларында бәсекелестік орта құруды, металлургиядағы, химия өнеркәсібіндегі, банк саласындағы, сақтандырудағы және басқа да салалардағы "жасырын монополияларды" монополиясыздандыру жөніндегі шараларды іске асыруды көздейтін Бәсекелестікті қорғау мен дамыту саласындағы 2007-2009 жылдарға арналған салалық бағдарлама қабылданатын болады.

Тариф саясатын дамыту табиғи монополиялар саласындағы тарифтік реттеудің нормативтік құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Осы бағытта жүргізілетін негізгі іс-шаралар "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу; орта мерзімді және ұзақ мерзімді тарифтерді бекіту тәртібін әзірлеу; табиғи монополия субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу тәртібін ырықтандыру және төрешілдіктен арылту болады.

Қазақстан экономикасының жай-күйінің деңгейіне және оның даму перспективаларына барабар әдіснамалық базаның болуы мемлекеттік тарифтік реттеудің маңызды құрауышы болып табылады. Бұл үшін тарифтерді есептеудің бірқатар әдістемелерін, тарифтер деңгейі серпінінің экономика секторларына әсерін бағалау моделдерін әзірлеу, субъектілердің қызметін олардың бағалық көрсеткіштерінің теңдестірілген кешені негізінде мониторингілеу жүйесін құру және магистралдық темір жол желілерінің реттелетін қызметтеріне арналған тарифтерге бағыт түрлері бойынша кезең-кезеңімен біріздендіру жүргізу көзделеді.

Сондай-ақ 2007 жылы Табиғи монополиялар саласындағы тариф саясатын жетілдірудің 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда

.

Жоспарланып отырған шаралар кешенін іске асыру **нәтижесінде** нарықтың барлық қатысушылары үшін тең жағдайлар және бір мезгілде монополияға қарсы ден қою шараларын қатайта отырып, бәсеке нарығында тарифтерді қатаң мемлекеттік реттеуден кезең-кезеңімен арылу қамтамасыз етілетін болады. Табиғи монополиялар субъектілерінің орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған тарифтері деңгейлерінің болжамдылығы мен тұрақтылығы қамтамасыз етілетін және табиғи монополиялар субъектілері әрекет ететін салалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін жағдай жасалатын болады.

*Нарықтық қатынастар мен бәсекеге қабілетті экономиканың негізгі іргетасы ретінде кәсіпкерлік секторды дамыту*

**Мақсаты:**

Шағын және орта бизнесті дамытуда сапалы серпілісті қамтамасыз ету, осы саладағы өнімділік пен бәсекеге қабілеттіліктің өсуі.

**Шешу жолдары:**

Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, шағын және орта бизнесті қолдау нысандарының жаңаларын енгізу және қолданыстағыларын күшейту, әкімшілік және төрешілдік кедергілерді азайту жөніндегі саясат жалғасатын болады.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында мемлекеттік органдардың жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер жұмысының жаңа регламентін, сараптамалық кеңестер жүргізетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптауға қатысу үшін кәсіпкерлер бірлестіктерін аккредиттеу тәртібін бекітуді көздейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданатын болады.

Барлық өңірлерде кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру және олардың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. " Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры " АҚ-ның нәтижелілігі оның өкілдік желісін кеңейту және өңірлерде ақпараттық-талдау, консалтингілік және оқу-әдістемелік қызмет көрсетулер ұсыну мәселелері жөніндегі жұмысты күшейту жолымен арттырылатын болады.

Лицензиялаудың жаңа қағидаттарын енгізуді, лицензияланатын қызмет түрлерінің толық тізбесін белгілеуді, тауарлардың жекелеген түрлерінің импорты кезінде өз-өздігінен лицензиялауды, сондай-ақ лицензияны алу кезінде "жалғыз терезе" қағидатын енгізуді көздейтін "Лицензиялау туралы" Заңды Парламенттің қабылдауы жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Қабылданған шаралардың **нәтижесінде** жеке меншік кәсіпкерлік субъектілерінің сараптама кеңестері арқылы қорытындылар енгізу жолымен

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге тікелей қатысуы, бизнесті ұйымдастыруға арналған шығындардың едәуір азаюы және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік рұқсат беру жүйесінің рәсімдерін оңайлату күтіледі.

*Экономиканы теңдестіре дамыту қажеттігіне сай келетін аумақтық даму*

**Мақсаты:**

Экономикалық әлеуетті және еңбек ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалануды ескере отырып, өңірлік және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілетті мамандануды қалыптастыруға негізделген аумақтық даму.

**Шешу жолдары:**

2006 жылы кластерлерді қалыптастыруды ескере отырып, аумақтарды дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді айқындайтын Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясын әзірлеу көзделіп отыр.

Стратегия республикалық, өңіраралық және облыстық маңызы бар өндірістік, энергетикалық, инженерлік, көлік-коммуникациялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытудың ұзақ мерзімді кезеңге арналған шоғырландырылған схемаларын айқындайтын болады. Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі маңызды тетік ретінде экономикалық жағынан перспективалы және өмір сүру үшін қолайлы аудандарда экономика және еңбек ресурстарын ел аумағының ұтымды игерілуімен үйлесімде топтастыру жүзеге асырылатын болады.

Өңірлердің бәсекеге қабілетті мамандануын қалыптастыру шеңберінде 2007 жылы облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар ретінде Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі кеңестер құрылатын болады.

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын , бұрынғы Семей полигонының проблемаларын шешу, шағын қалаларды, Семей қаласын дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру жалғасады. 2006 жылы Арал өңірінің проблемаларын шешу жөніндегі жаңа бағдарлама қабылданатын болады.

Кейіннен ӘКК құра отырып, Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар ( ӘКК) құру тұжырымдамасын әзірлеу жоспарлануда. ӘКК қызметі инвестициялар тарту және өңірлерде жаңа өндірістер мен технологияларды іске асыру, өңірлерде тиісті қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру мақсатында жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, ӘКК өкілеттіктеріне рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындарды әрі шағын және орта бизнесті дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін мемлекеттік активтерді

басқару кіретін болады.

**Нәтижесінде** елдің аумақтық дамуының стратегиялық бағыттары айқындалатын болады және елді аумақтық-экономикалық ұйымдастырудың кластерлік дамуға және халықты ұтымды қоныстандыруға негізделген жаңа моделін қалыптастыру басталады. ӘКК қалыптастыру нәтижесінде өңірлерде экономиканың шикізат емес секторлары мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға талпыныс беретін болады.

*Астананы Еуразиядағы өзара халықаралық іс-қимылдың ірі орталықтарының бірі және осы заманғы әлемдік даму стандарттарына сай келетін қала ретінде дамыту*

**Мақсаты:**

Астананы елдің ірі саяси және іскерлік орталығы және осы заманғы әлемдік стандарттарға сай келетін қала ретінде дамытуды қамтамасыз ету.

**Шешу жолдары:**

2006 жылы "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Заңды жаңа редакцияда қабылдау және кейбір заңнамалық актілерге Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр.

2006 жылы Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспары және Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілетін болады.

Есілдің сол жақ жағалауында осы заманғы медицина ғылымы мен практикалық денсаулық сақтаудың жетістіктерін біріктіретін жаңа орталықтардың базасында медициналық қызметтердің осы заманғы, инновациялық кластерін құру жоспарланып отыр.

Халықаралық деңгейдегі таңдаулы университет құрылатын болады.

Көлік-логистикалық және туристік-рекреациялық қызмет көрсетулерді дамыту негізінде оған Теміртау, Қарағанды агломерациясын және Щучье-Бурабай курорттық аймағын тарта отырып, жартылай функционалды аймақ құру жөніндегі келісілген іс-қимылдар кешені іске асырылатын болады.

"Еуропа - Азия" бағыты бойынша тасымалдарды қамтамасыз ету үшін авиациялық "торап", сондай-ақ авиациялық тасымалдарға сапалы қызмет көрсетулерді қамтамасыз етуге арналған сервистік орталық құру жөніндегі жұмыс жалғасады.

**Нәтижесінде** Астананың әлемдік көлік жүйесіне табиғи кіріккен ұлттық орталық ретінде көрінуіне қол жеткізілетін болады.

*Алматы қаласын өңірлік ірі қаржы және іскерлік белсенділік орталығы ретінде одан әрі дамыту*

**Мақсаты:**

Алматы қаласының өңірлік қаржы және іскерлік белсенділік орталығы ретінде қалыптасуы.

**Шешу жолдары:**

Кәсіпкерлік ахуалды жақсарту және қала беделін жаңарту, тиісті техникалық және телекоммуникациялық инфрақұрылым құру жөнінде шаралар кешені қабылданатын болады.

Алматы қаласында халықаралық және өңірлік ұйымдардың, халықаралық қаржы ұйымдарының өңірлік офистерінің, ірі трансұлттық компаниялар филиалдарының орналасуын ынталандыру үшін жағдайлар жасалатын болады. Қазақстанның ірі қаржы ұйымдары өңірлік бизнес-жобалар үшін қарыздар, сақтандыру және қаржы қызмет көрсетулерін ұсыну жөніндегі өңірдегі негізгі "мердігерлер" болуға тиіс.

Қазақстанда осы заманғы қаржы нарығын, сондай-ақ өтімді және сыйымды қор нарығын дамытуға Алматы қаласында Өңірлік қаржы орталығын құру ықпал ететін болады. Жылдың аяғына дейін қазақстандық қаржы нарығына шетелдік және отандық қаржы делдалдарын, эмитенттер мен инвесторларды тарту үшін салықтық және өзге де преференцияларды, бірқатар институционалдық шараларды көздейтін тиісті нормативтік-құқықтық база жасалатын болады.

Алматы қаласының қазіргі бәсекелі артықшылықтарының негізінде перспективалық кластерлер, оның ішінде көлік-логистикалық қызметтер, жетекші шетелдік компаниялардың процессингілік орталықтары, қазақстандық және орталық азиялық нарықтарға бағдарланған қазіргі заманғы дистрибьютерлік сауда орталықтары айқындалатын және дамитын болады. Алматы өңірінің базасында қаланың туристік-рекреациялық мамандануы дамитын болады.

Бұдан басқа, Алматы қаласында ірі университеттер мен жоғары оқу орындарының, ҒЗИ-лардың базасында білім беру қызмет көрсетулерінің де, сол сияқты инновациялық әзірлемелердің де нарығында халықаралық деңгейдегі сапалы қызмет көрсетулер ұсынатын өңірлік білім беру-инновациялық кешенін қалыптастыруға бағытталған шараларды дәйекті іске асыру жүзеге асырылатын болады.

Жоспарланып отырған шаралар кешенін іске асыру **нәтижесінде** Алматы қаласын ел экономикасының өсу полюстерінің бірі, халықаралық қаржы, сақтандыру және басқа да жетекші компаниялар үшін тартылыс орталығы ретінде одан әрі дамыту күтіледі.

## III. ХАЛЫҚТЫ НЕҒҰРЛЫМ "ӘЛЖУАЗ" ТОПТАРЫН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

## ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨНІМДІ ДАМУЫН ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

*Халықтың неғұрлым "әлжуаз" топтарын қорғауға бағытталған және еңбек ресурстарын тиімді дамытуды ынталандыратын атаулы әлеуметтік саясатты іске асыру*

**Мақсаттары:**

Мемлекет, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы жауапкершілікті тиімді бөлуді көздейтін көп деңгейлі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін одан әрі дамыту, атаулы әлеуметтік көмекті күшейту және тұрлаулы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

**Шешу жолдары:**

Үкімет мемлекеттік әлеуметтік стандарттар жүйесін халықаралық стандарттарға кезең-кезеңімен жақындатуды, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін одан әрі кезең-кезеңімен арттыруды, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді жүзеге асыратын болады, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейінің халықаралық стандарттарын енгізу жөніндегі жұмыс жүргізіледі. Инженерлік-коммуникациялық желілерді және тұрғын үй инфрақұрылымының өзге де объектілерін салу одан әрі даму алады.

Бұдан басқа, Семей сынақ ядролық полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы ақшалай өтемақы төлеу жалғасатын болады.

2006 жылы мемлекеттік әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары енгізіледі және әлеуметтік қызметтер көрсетумен айналысатын ұйымдардың лицензияланатын қызмет түрлері айқындалады.

2006 жылғы 1 шілдеден бастап өңірлік әскери қақтығыстарға қатысушылар және халықтың кейбір басқа да санаттары үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақылар мөлшерін ұлғайту; әлеуетті құрылымдардың зейнеткерлеріне біржолғы сараланған зейнетақы төлемдерін арттыру жүзеге асырылады;

2007 жылдан бастап бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 30%-ға арттырылатын болады.

2007 жылдан бастап зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу "айдан айға" қағидаты бойынша жүзеге асырылады;

2008 жылы кепілдік берілген және қосымша әлеуметтік қызмет көрсетулердің тізбесін, әлеуметтік қызметкерлерді аккредиттеуді, мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қызмет көрсетулерді тегін ұсынудың тетігін, ақылы негізде қосымша әлеуметтік қызмет көрсетулер ұсыну үшін жеке меншік сектор субъектілерін

тарту тетігін көздейтін "Әлеуметтік қызметтер туралы" Заң жобасы әзірленетін болады.

Үкімет мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту, оларды әлеуметтік қолдауды күшейту және олардың қоғамға пәрменді кірігуі үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдайды.

Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау саясаты "әлеуметтік топтардың мұқтаждарына" емес, "жұмыссыздарды жұмыс істейтіндердің "ортақ қазанына" кіру үшін дайындауға" шоғырландырылады. Жыл сайын кемінде 23 мың жұмыссыз кәсіби даярлықтан және қайта даярлаудан өтеді.

Еңбек нарығы талаптарының үздіксіз өзгеруіне ден қоятын икемді еңбек ресурстарын дамыту жүйесін құру, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды арттыру, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау үшін жұмыс берушілердің мүдделілігі мен жауапкершілігін арттыру және қазақстандық кәсіпорындарды OHSAS 18001:1999 халықаралық стандарттарына жеделдете көшіруге жәрдемдесу, әлеуметтік диалогтың рөлін күшейту және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын шарттық реттеу жүйесін дамытуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірленеді.

Жұмыс күшінің сапалы әлеуетін арттыру мақсатында жұмысшы кәсіптері мен мамандықтары бойынша ұлттық кадрларды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру жүйесі дамиды, сондай-ақ бюджеттік сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі жетілдірілетін болады.

Еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін құру жөнінде қабылданатын шаралармен қатар, ұлттық мүдделерді қорғаумен және жоғары білікті шетелдік мамандарды тартумен үйлесімде көші-қон режимін ырықтандыруға, оралмандардың бейімделуі мен кірігуінің арнайы орталықтарын құруға және оларды көшіп-келу квотасына енгізудің объективті өлшемдерін әзірлеуге бағытталған көші-қон саясаты жетілдірілетін болады.

2006 жылы Үкімет басқа елдердің тәжірибесін ескере отырып, республика аумағында еңбек қызметін заңсыз жүзеге асыратын еңбек мигранттарын оларды ішкі істер органдарында және басқа да тиісті органдарда тіркеу жолымен заңдастыру жөнінде бір жолғы акция жүргізу тетігі әзірленетін болады.

Халықаралық стандарттар негізінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды ынталандыру жөніндегі нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мақсатында Үкімет бизнестің әлеуметтік есептілігінің жалпы қабылданған ережесін әзірлейді, сондай-ақ бизнес бастамаларын қолдау жөніндегі шаралар кешенін қабылдайды. БҰҰ-ның Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі жаһандық шартының қағидаттарын енгізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, республикалық кәсіподақтар бірлестіктерінің және республикалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің

арасында, 2007-2008 жылдарға арналған бас келісім жасалатын болады.

**Нәтижесінде** халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен және міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жүйесімен қамтуды кеңейту, халықтың ең төменгі күнкөріс табысы бар үлесін азайту, халықты тұрлаулы жұмыспен қамтамасыз ету , жұмыссыздық деңгейін төмендету күтіледі.

*Әртүрлі деңгейлі табысы бар халықтың қажеттіліктерін кешенді қанағаттандыруға бағытталған тұрғын үй саясатын іске асыру*

**Мақсаты:**

Тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу, тұрғын үй қорының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын және іске қосылуын арттыру, қазіргі заманғы және тиімді тұрғын үй-коммуналдық сала құру.

**Шешу жолдары:**

Пысықталған тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және тұрғын үй саласында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге қажетті түзетулер енгізілетін болады.

Тиімді және экологиялық таза құрылыс материалдарын шығаруды одан әрі дамытуды және олардың өндірісіне жаңа технологиялар енгізуді ынталандыру жөнінде шаралар қабылданады.

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары үшін коммуналдық тұрғын үйді пайдалануға беруді одан әрі енгізу және республикалық бюджеттің кредиттік қаражаты есебінен қол жетімді тұрғын үй салу көзделеді.

Жер учаскелерін беру және инженерлік-коммуникациялық желілерді жүргізу рәсімдерін жетілдіруге бағытталған жеке тұрғын үй құрылысының секторын қолдау және дамытуды ынталандыру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Жеке капитал тарту тетіктерін қоса алғанда, жалға берілетін тұрғын үй секторын дамыту жағдайын жасау және жалға беру үйлерінің құрылысын ұйымдастыру жөніндегі шаралар кешені әзірленетін болады.

Төлем қабілетінің сұранысын ынталандыру мақсатында ипотекалық кредит беру және тұрғын үй құрылысы жинақтарының жүйесі жетілдірілетін болады. Тұрғын үй құрылысының жинақтары туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарланып отыр, бұл осы жүйе арқылы тұрғын үйді сатып алу жағдайын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданатын болады, ол осы саладағы жүйелік қайта құруларды көздейді. Атап айтқанда, кондоминиум объектілерін басқару тетіктері мен нысандары жетілдіріледі, жалпы пайдаланылатын мүлікті жөндеу үшін пәтер иелерінің қаражатын жинақтау схемасы айқындалады, кондоминиум объектілерін басқару мен ұстау функциясы

бөлінеді, пайдаланылатын тұрғын үй қорының жай-күйін пәрменді бақылау жүйесі қалыптасады.

Қабылданған шаралардың **нәтижесінде** елде жалпы алаңы 15,83 млн. шаршы метр тұрғын үйді іске қосу қамтамасыз етіледі (2005 - 2007 жылдарда), оның ішінде 2006 жылы 5,11 млн. шаршы метр, 2007 жылы 5,68 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Оның ішінде халықтың қаражаты есебінен 2006 жылы 2600 мың шаршы метр тұрғын үйді беру (21,3 мың тұрғын үй) жоспарланып отыр. Сонымен қатар көп пәтерлі үйлерді күрделі жөндеуді қаржыландыру мәселесі шешілетін болады, ұсынылатын коммуналдық қызметтердің сапасы артады.

*Денсаулық сақтау саласындағы қызметті ұйымдастыруда қазіргі заманғы қағидаттар мен стандарттарға өту*

**Мақсаты:**

Денсаулық сақтау қызмет көрсетулерінің сапасын және қол жетімділігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру негізінде ұлттың денсаулығын жақсарту.

**Шешу жолдары:**

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Үкімет Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жеделдетуді көздейді.

Әлемдік стандарттарға кезең-кезеңімен қол жеткізе отырып, медициналық көмектің сапасын арттыру қазіргі заманғы алдын алу технологияларын енгізу және ауруларды емдеу есебінен, оның ішінде шетелдік озық әдістердің трансферті арқылы қамтамасыз етіледі;

2006 жылдан бастап Астана қаласында медициналық кластер құру шеңберінде жаңа медициналық орталықтарды басқаруға көшбасшы шетелдік клиникалар мен госпитальдер тартылатын болады. Бұл бағыттағы пилоттық жоба - Ана мен баланың ұлттық ғылыми орталығы болады.

Туберкулез, АҚТҚ/ЖҚТБ ауруларын және басқа да әлеуметтік мәні бар ауруларды, ана мен бала өлімін азайту, елдің бәсекеге қабілеттілігінің индикаторлары ретінде өмір сүру ұзақтығының көрсеткіштерін жақсарту жөніндегі жұмыс жандандырылады, сондай-ақ "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасын іске асыру шеңберінде денсаулық сақтаудың алдын алу бағыттылығын күшейту жөніндегі жұмыс жалғасады.

2006 жылдың ішінде медициналық қызмет көрсетулердің халықаралық стандарттарына кезең-кезеңімен өтуге бағытталған салаларда заңнамалық және әкімшілік реформалар пакетін іске асыру жөніндегі жұмыстарды аяқтау шеңберінде мынадай заңнамалық актілер қаралады және қабылданады:

"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" , " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы".

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбектің түпкі нәтижесіне байланысты, оның сапасын, көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ біліктілік деңгейін ескере отырып, медициналық қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеуге жаңа тәсілдер енгізіледі.

Бәсекелестікті және жеке секторды дамыту мақсатында амбулаториялық және стационарлық деңгейлерде тариф саясаты өзгеретін болады, сондай-ақ алғашқы медициналық көмектің жеке меншік, клиникалар мен салауатты өмір салты орталықтарының, жеке меншік негіздегі медициналық көлік желісін дамыту үшін қажетті жағдай жасалатын болады.

Денсаулық сақтауды қаржылық қамтамасыз етуді одан әрі дамыту, бәселестікті және салаға қосымша инвестициялар ағынын дамыту мақсатында ерікті медициналық сақтандыруды ынталандыру және дамыту жөнінде тиімді шаралар қабылданатын болады.

Денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық актілерді жүйелендіру және саланы басқару тиімділігін арттыру мақсатында 2007 жылы Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс әзірленеді.

Қазақстандық медицина кадрларының жаңа формациясын қалыптастыру мен даярлау үшін 2006 жылы Медициналық және фармацевтикалық білім беруді реформалаудың 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасы іске асырыла бастайды.

Қабылданған шаралардың **нәтижесінде** денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділік деңгейін және оның сапасын арттыру, оларды әлемнің дамыған елдерінде қабылданған стандарттарға кезең-кезеңімен жақындату негізінде ұлт денсаулығының негізгі көрсеткіштері жақсаратын болады.

*Халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету*

**Мақсаты:**

Халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

**Шешу жолдары:**

Үкімет жүргізетін экологиялық саясат Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігінің 2004-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын одан әрі іске асыруға бағытталады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы, оны жүйелендіруге және пәрменділігін арттыруға бағытталған одан әрі реформалау жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық заңнаманың қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін Қоршаған ортаны қорғау туралы кодекс ( Экологиялық кодекс) қабылданады.

Халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық орнықты қоғам негізін құру үшін мыналар дамытылатын болады: экологиялық сақтандыру және аудит; экологиялық білім беру, экологиялық таңбалау түсінігі енгізіледі; Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі құрылады; биологиялық әртүрлілікті сақтау жөніндегі, ормандарды сақтауды қамтамасыз ету және орманды алқаптарды біртіндеп ұлғайту жөніндегі шаралар кешені қабылданады; жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа және шешімдер қабылдауға қол жетімділігі кеңейеді.

Шөлейттенген жерлерді оңалту және биоәртүрлілікті сақтау, биоқауіпсіздік жүйесін құру, Қазақстан азаматтарын тиісті сападағы сумен және су әкеткімен толық қамтамасыз ету, орнықты органикалық ластағыштарды түгендеу және жою, парник газдарының тастандыларын азайту, өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан ратификациялаған табиғат қорғау конвенцияларын іске асырудың неғұрлым сапалы деңгейіне өту жүзеге асырылады. Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастық трансшекаралық су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану мәселелеріне шоғырланатын болады.

Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын, Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген рәсім туралы Роттердам конвенциясын, БҰҰ Биоәртүрлілік жөніндегі конвенциясының Биоқауіпсіздік жөніндегі Картахен хаттамасын және БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киот хаттамасын ратификациялау мүмкіндігі зерделенетін болады.

Қабылданған шаралар **нәтижесінде** қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама Еуропалық Одақтың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі директиваларына жауап беретін болады, бұл қоғамды экологиялық орнықты дамытудың негіздерін қалайды; қоршаған орта ластануының деңгейін азайтады және оның сапасын тұрақтандыру үшін жағдай жасайтын болады.

## IV. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ, МӘДЕНИЕТТІҢ ӨРКЕНДЕУІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

*Қазіргі заманғы білім беру жүйесін дамыту және білікті кадрлар даярлау*

**Мақсаты:**

Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті және экономиканы индустриялық-инновациялық дамытудың қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін тиімділігі жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру.

**Шешу жолдары:**

Орта және жоғары білім беру жүйелерін одан әрі дамыту жоспарланып отыр. "Білім туралы" жаңа Заң қабылданатын болады, Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, 2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасы қабылданады.

Барлық деңгейлерде жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары, білім беру процесінің құрылымы мен мазмұны жетілдіріледі және үйлестіріледі, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылады, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби деңгейі арттырылады. Сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері пайдаланатын қызметтердің нәтижелерін бағалау стандарттарына өтуді қоса алғанда, республиканың халықаралық білім беру кеңістігіне кірігуі жүзеге асырылатын болады.

Мектепке дейінгі оқытуды қамтуды ұлғайту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жалпы орта білім беру жүйесіне сараланған тәсілді анықтау және бастауыш және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытуды жалғастыру үшін жағдай жасау; ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу жоспарланып отыр.

Бастауыш және орта кәсіби білім беру сапасын және оның еңбек нарығының қажеттілігіне бағдарлануды арттыру мақсатында жұмыс берушілер мен білім беру жүйесі арасындағы әлеуметтік әріптестік дамитын болады; оқу және зертханалық жабдық жаңартылады; кәсіби даярлықтың сапасын, техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандықтары бойынша біліктілік беруді және растауды тәуелсіз бағалау жүйесі енгізіледі.

Жоғары кәсіби білім берудің бәсекеге қабілеттілігін және оны интернационализациялауды арттыру үшін білім беру қызметтерінің сапасын кезең-кезеңімен арттыру, "еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі" және " жоғары оқу орны мен мамандық мәртебесіне байланысты гранттың құнын сараландыру" қағидаттары негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру, мемлекеттік-жекеше білім беруге кредит беру жүйесін одан әрі жетілдіру; жетекші шетелдік оқу орындарымен әріптестікті дамыту; техникалық білім беруді дамыту жөніндегі күш-жігерді шоғырландыра отырып, жоғары оқу

орындарының желісін оңтайландыру жөніндегі шаралар жүзеге асырылады.

Үкіметтің іс-қимылы экономиканың түрлі секторларында жоғары білікті басқарушы кадрлар даярлау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында халықаралық стандарттарға жауап беретін ұлттық басқару мектебін құруға бағытталады.

Шаралардың жоспарланған кешенін іске асыру **нәтижесінде** мыналар күтіледі:

*жалпы орта білім беру саласында:*

жетілдірілген мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ жаңа ұрпақтың оқулықтарын, оның ішінде электрондық оқулықтарды енгізу;

білім беру процесіне қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, оның ішінде жаттығу теледидарын енгізу;

2008 жылға қарай оқушылардың компьютермен қамтамасыз етілу ара қатынасын 20 оқушыға 1 компьютерге дейін жеткізу.

*бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласында:*

дамушы ұлттық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес кәсіптік білім беру жүйесіне әкелуге мүмкіндік беретін "мемлекет - оқу орындары - жұмыс берушілер" өзара іс-қимылының жаңа үлгісін құру;

еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандарын даярлау.

*жоғары кәсіптік білім беру саласында:*

білім беру бағдарламаларын әртараптандыру және икемді ету, жоғары оқу орындарының желісін оңтайландыру және академиялық еркіндікті кеңейту негізінде кәсіби білім беру сапасын арттыру;

білім беруді кредиттеу жүйесін жетілдіру жолымен жоғары білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету;

жыл сайын 3 мың "Болашақ" стипендиясының иегерлерін әлемнің түрлі жоғары оқу орындарында оқыту;

техникалық білім беруді дамытуға ерекше назар аудара отырып, жоғары оқу орындары желісін оңтайландыру;

жоғары оқу орындарын аккредиттеудің халықаралық үлгісіне көшуді жүзеге асыру.

*экономиканың түрлі секторларында басқарушы кадрлар даярлау саласында:*

экономиканың түрлі секторларында ұлттық және шетелдік оқу орындарының базасында басқарушы кадрлар даярлаудың және қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесін жетілдіру.

Осы шаралар кешенін іске асыру сапалы білім беру қызметтерін көрсетуді,

еңбек нарығында мамандардың кәсіби құзыреттілігін және олардың талап етілуін арттыруды қамтамасыз ететін тиімді қолданылатын білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді.

*Қазақстан халқының рухани әлеуетін дамытатын мәдениеттің рөлін нығайту*

**Мақсаты:**

Қазіргі заманғы дамыған мәдениет жүйесін қалыптастыру, бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайту, тарихи-мәдени мұраны сақтау және дамыту.

**Шешу жолдары:**

Үкіметтің мәдениет саласындағы саясаты дарынды тұлғалардың өнері мен қызметін дамыту үшін жағдай жасауға, Қазақстан халқының рухани құндылықтарын одан әрі ашуға, әлемдік қоғамдастықтағы жалпыұлттық мәдени барабарлықты нығайтуға бағытталған. Осы мақсаттарда Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылатын болады, елімізде ірі халықаралық өнер аукциондарын өткізу кезінде мемлекеттік қолдау, өнер қайраткерлерін, дарынды музыканттар мен орындаушыларды қолдау, сондай-ақ мәдениет саласындағы жеке меншік секторды дамыту жөнінде қосымша шаралар қабылданады.

Мұрағат ісін жетілдіру үшін Мұрағат ісін және құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленеді.

Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін шығару жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде тілдерді дамыту үшін қолайлы жағдай жасау басым бағыт болып қалады. Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін және оны меңгеру деңгейін объективтік түрде бағалау жүйесін жақсартуға баса назар аударылады.

Қабылданған шаралар **нәтижесінде** мәдениет пен өнер қайраткерлерін қолдаудың тиімді жүйесі қалыптастырылады, Қазақстанның көп ұлтты халқының рухани құндылықтарын ашуға бағытталған әлеуметтік-мәдени ортаны дамыту қамтамасыз етіледі.

*Дене шынықтыру мен спортты дамыту*

**Мақсаты:**

Халықтың дене тәрбиесінің және қазақстандық спортшылардың халықаралық спорт аренасындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін спортты дамытудың тиімді жүйесін құру.

**Шешу жолдары:**

Үкімет халықтың дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру, спорттық резервті дайындау және әлемдік деңгейдегі спортшыларды тәрбиелеу, спорттың

халықаралық стандарттарға сәйкес инфрақұрылымын құру және жаңғырту жөнінде шаралар қабылдайды.

Халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтитын Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін және іске асырылатын болады.

Қабылданған шаралар **нәтижесінде** дене шынықтыру және бұқаралық спорт құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын одан әрі бекіте түсу, отандық спорттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау күтіледі.

## V. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖАҢАРТУ, ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ САҚТАУ

*Демократияны одан әрі дамыту және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету*

**Мақсаты:**

Қоғамдағы және мемлекеттік құрылымдағы демократиялық бастауларды нығайтуға бағытталған жағдайларды және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

**Шешу жолдары:**

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Үкімет демократиялық процестерді және азаматтық қоғам институттарын дәйекті дамытуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады. Демократиялық дәстүрлерді қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі қалыптастырылатын болады.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданатын болады және Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформалар бағдарламаларын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметін қамтамасыз ету жөнінде қажетті жағдай жасалады; Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары, этникааралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіруге және Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін нығайтуға бағытталған Этникалық және конфессиялық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бағдарлама қабылданатын және іске асырылатын болады. Қазақстандықтарды патриоттық тәрбиелеу бағдарламасы әзірленеді, бұл олардың саяси және құқықтық мәдениетін арттыруды көздейді.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің, олардың мәртебесін,

құзыретін, жауапкершілігін, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тәртібін айқындайтын заңнамалық база құрылатын болады. Осыған байланысты Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды қолдаудың 2007-2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленеді және іске асырылады.

Заңнамаға заңдарды бұзғаны, жала жапқаны, сатып алғаны, зорлық жасағаны үшін жауапкершілікті көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Ашылмаған ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша бірыңғай дерекқор - ДНК-ні, биологиялық іздерді есепке алу; жасанды ақша мен бағалы қағаздарды есепке алу жөніндегі республикалық автоматтандырылған деректер банкін құру жоспарланып отыр.

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленеді, сондай-ақ алқабилер институты кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

Жоспарланып отырған шаралар кешенін іске асыру **нәтижесінде** елде азаматтық қоғам институттарын демократияландыруды дамыту және оның әлеуетін тиімді пайдалану үшін қажетті институционалдық, құқықтық, ақпараттық жағдай қамтамасыз етілетін болады.

*Мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту*

**Мақсаты:**

Саны мен құрамы бойынша тиімді және оңтайлы мемлекеттік аппарат құру және мемлекеттің экономикаға араласуын шектеу.

**Шешу жолдары:**

Функционалдық талдау негізінде Үкімет бақылау және қадағалау функцияларын реттеуге, бақылау және қадағалау функцияларын нақты мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызу өлшемін белгілеуге мүмкіндік беретін мемлекеттік функцияларды жіктеуді аяқтайды.

Бір деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі ұсыныстар әзірленетін болады.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады, Ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданатын және іске асырылатын болады.

Құжаттардың өту мерзімін қысқарту және шешімдер қабылдауды жеделдету үшін басқару рәсімдерін жетілдіру және регламенттеу жөнінде жұмыстар жүргізіледі.

Үкімет атқарушы биліктің жергілікті органдарына берілген функцияларды іске асыруға мұқият талдау жүргізетін болады және мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін одан әрі ажырату жөнінде

ұсыныстар дайындайтын болады.

Санамаланған бағыттар бойынша жүргізілетін жұмыс мемлекеттік органдардың ішкі құрылымын қайта құруға, оларға жүктелген өкілеттіктерді іске асырудың тиімді тетіктерін құруға және тиісінше олардың қызметін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Еңбекақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру әрбір мемлекеттік қызметші жұмысының тиімділігін арттырумен байланысты болады.

**Нәтижесінде** шағын мемлекеттік басқару органдарын қалыптастыру, олардың жұмысының тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметтің мәртебесін одан әрі нығайту және мемлекеттік органдарда жұмыс істеу үшін жоғары кәсіби кадрларды тарту мүмкін болады.

## VI. МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ЖӘНЕ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚЫР КӨРСЕТУЛЕРГЕ ҚАРСЫ БАРАБАР ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУ

*Елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайту*

**Мақсаты:**

Ұлттық қауіпсіздіктің 2006-2010 жылдарға арналған стратегиясын кезең-кезеңімен іске асыру арқылы ұлттық қауіпсіздіктің жаңа барынша жоғары деңгейге шығуын қамтамасыз ететін жүйелі іс-қимылдарды іске асыру.

**Шешу жолдары:**

Басым бағыттардың қатарында қазіргі заманғы әскери-саяси ахуалды талдау, әскери ұйымның жай-күйіне, мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне негізделген, ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін, қауіп төндіретін бағыттарға күш пен құралдарды жылдам өрістетуді жүзеге асыруға қабілетті жоғары кәсіби армия құруды көздейтін жаңа әскери доктрина әзірлеуді бөліп көрсеткен жөн.

Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың жарақтануындағы қару-жарақ пен әскери техниканың жай-күйіне сапалы өзгерістер жасауға, отандық өндірістік базаны нығайтуға, Қазақстанның әлемнің озық елдерінен әскери-техникалық салада технологиялық артта қалуын қысқартуға бағытталған шаралар кешені қабылданатын болады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құралымдарына қару-жарақ пен әскери техника сатып алудың, оны жаңартудың, жөндеудің, кәдеге жаратудың және әскери мақсаттағы өнім шығаратын кәсіпорындарды дамытудың 2015 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы іске асырылады.

Осы шаралардың **нәтижесінде** мемлекеттің әскери ұйымының Қазақстанның қауіпсіздік қыр-көрсетулерді бейтараптандыруға дайындығына қол жеткізілетін, Қазақстанның мемлекеттілігін, ұлттық егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайту қамтамасыз етілетін болады.

*Діни экстремизмге қарсы іс-қимылға және халықаралық терроризмге, есірткі саудасы мен қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы күреске бағытталған саясат*

**Мақсаты:**

Өңірлік қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылдың тұрақты жүйесін қалыптастыру үшін жағдай жасау және дамыту.

**Шешу жолдары:**

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу басқа елдердің құқық қорғау органдарымен және арнаулы қызметтерімен ынтымақтастықты нығайту және кеңейту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі.

Діни экстремизмге және терроризмге қарсы күрес саласындағы шарттық базаны жетілдіру көзделуде.

Өңірлік және халықаралық қауіпсіздік құрылымдары шеңберінде терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығулар мен операцияларға қатысу жоспарланып отыр.

Қазақстанда ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің базалық оқу мекемелерінің, сондай-ақ ТМД елдерінің құқықтық және талдамалық ақпаратты, мәліметтерді арнаулы есепке алуды алмасу жөніндегі мемлекетаралық орталығының филиалын құру мәселесі тәжірибе жүзінде іске асырылатын болады.

Қару-жарақтың заңсыз айналымы мен есірткі саудасына қарсы күрес саласында Орталық Азия мемлекеттерімен халықаралық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту жөніндегі шаралар жүзеге асырылады.

Осы мақсаттарда Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының және Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды заңсыз өндіруді, олардың айналымын, теріс пайдалануды бақылау саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумның халықаралық келісімдеріне қосылады және өңірде жаңа халықаралық бастамаларды іске асыратын болады. Үкімет Қазақстанда Орталық Азия Өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын қалыптастыруды қамтамасыз етуге және бұдан әрі оның қызметін үйлестіруді ниет етіп отыр.

Қару-жарақтың айналымын мемлекеттік бақылау туралы заңнаманы жетілдіру және патрулдік полиция қызметін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешені қабылданатын болады.

**Нәтижесінде** тиісті халықаралық келісімдерді практикалық іске асыру, діни экстремизмге, терроризмге, есірткілер мен қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық зияткерлік, ақпараттық және

материалдық ресурстарды белсенді пайдалану үшін жағдайлар жасалатын болады. Бұл орайда мемлекетішілік шаралардың тиімділігі айтарлықтай артады.

*Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қауіп ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің кешенді жалпыұлттық бағдарламасын дәйекті іске асыру*

**Мақсаты:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жүйелілігін және нәтижелілігін қамтамасыз ету.

**Шешу жолдары:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттің саясатындағы негізгі бағыттардың бірі болып қалады. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын" және "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында кешенді іс-қимылға қол жеткізуге ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін регламенттейтін заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы уәкілетті органдардың құзыретін және олардың жұмысының нәтижелілігін арттыру жолымен қол жеткізіледі.

Капиталға рақымшылық жасау акциясының мақсаттарын, тетік және мәнін түсіндіру және мүлікті заңдастыру жөніндегі комиссия құру жөніндегі кешенді іс-шаралар жүргізе отырып, "Мүлікті заңдастыруға байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жедел қабылдау жөніндегі дәйекті жұмыс жүргізіледі.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру және ел экономикасының ашықтығын күшейту **нәтижесінде** мемлекетте қолайлы инвестициялық ахуал жасауға ықпал етеді.

## VII. ТЕҢГЕРІМДІ СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ ОДАН ӘРІ ІСКЕ АСЫРУ

**Мақсаты:**

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы негізінде Қазақстанның мүддесі мен өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңгерімді және отандық сыртқы саяси бағыт жүргізу.

**Шешу жолдары:**

Өзара тиімді мүддені білдіретін барлық салаларда Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Америка Құрама Штаттарымен, Еуропалық одақ елдерімен, Орта Азия және мұсылман әлемі мемлекеттерімен

ынтымақтастықты дамыту және өзара іс-қимыл басымды болып табылады.

Белсенді саяси үндесу, ЕурАзЕҚ, БЭК, ШЫҰ шеңберінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты және өңірлік ықпалдасуды тереңдету негізінде Ресеймен стратегиялық әріптестік қатынастары одан әрі дамиды. Екі жақты іс-қимылды кеңейту ғарыш кеңістігін игеру саласында, отын-энергетикалық кешен қызметінде, шекара маңы ынтымақтастығында, экономика, көлік және инвестициялар саласындағы жобаларды іске асыруда жалғасатын болады.

Экономикалық және саяси салада Қытаймен әріптестікті мазмұндық "толықтыру" жөніндегі жұмыс жүргізіледі, сондай-ақ ШЫҰ шеңберінде және екі жақты уағдаластықтар негізінде халықаралық және өңірлік қауіпсіздік проблемалары бойынша белсенді саяси үндесу жүзеге асырылады.

АҚШ-пен өзара қарым қатынастардың жоғары деңгейін нығайту халықаралық қауіпсіздік пен энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл негізінде құрылады. Экономикалық салада екі жақты ынтымақтастықты тереңдету және американдық инвестициялар мен озық технологияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылданады.

Европалық одақпен, түйінді европа елдерімен жан-жақты үндесу, сондай-ақ ЕЫҚҰ-мен осы заманғы проблемалар мен қыр көрсетулерді шешу, бейбітшілікті, қауіпсіздікті және адамның негізгі бостандықтарын қамтамасыз ету жөнінде ынтымақтастық одан әрі дамитын болады. Европалық инвесторлардың инвестициялық қызметі үшін қолайлы жағдай жасау және европалық компаниялармен инвестициялық ынтымақтастық экономиканың шикізат емес салаларына шоғырланады.

Көрші Орта Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық және ықпалдасу сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда, сондай-ақ есірткі графигіне, адам саудасына және өңірлік қауіпсіздіктің өзге де қауіп-қатерлеріне қарсы іс-қимыл саласында дамитын болады.

Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық үндесу орталықтарының бірінің функциясын орындауды жалғастырады: Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі дінбасыларының II съезі өткізіледі, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) шеңберіндегі жұмыс жалғасады; мұсылман әлемі елдерімен және халықаралық құрылымдарымен (Ислам Конференциясы Ұйымымен, Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымымен) ынтымақтастық жалғасады.

Осы заманғы дүние құрылысының көкейкесті проблемалары бойынша Шығыс пен Батыс арасындағы түсіністікті жақындастыруға бағытталған халықаралық бастамаларды мұсылман елдерімен бірлесіп ілгерілету жөніндегі

жұмыс жүргізілетін болады.

Жүргізілген іс-шаралар **нәтижесінде** Қазақстан мен әлемнің жетекші державалар, геосаяси орталықтар арасындағы қарым-қатынастардың жаңа сапалы деңгейде одан әрі дамуы, елдің экономикалық дамуына сыртқы саяси жәрдемдесудің жандануы, Қазақстанның қазіргі заманғы, қарқынды дамушы мемлекет ретінде халықаралық аренадағы беделінің артуы күтіледі.

## VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Мақсаты:**

Үкімет бағдарламасын іске асыруды оның норма шығару қызметін жетілдіру арқылы тиімді құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.

**Шешу жолдары:**

Осы бағдарламаны іске асыруды тиімді құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі Үкіметтің саясаты, ең алдымен, норма шығару қызметінің сапасын арттыруға бағытталады, оның шеңберінде мемлекеттік органдардың заң қызметтері жұмысын жақсарту және маңызын арттыру, заң жобалары тұжырымдамаларын дайындауға ғылыми жұртшылықты тарту, ғылыми сараптамалар жүргізу практикасын кеңейту, сондай-ақ заңнаманы одан әрі жүйелендіру және оны ескірген және қайталайтын нормалардан босату, қоғамдық қатынастардың тиісті салаларын құқықтық реттеудегі ақтаңдақтардың орнын толтыру ұйғарылып отыр .

Ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында заңға тәуелді тиісті актілерді уақтылы қабылдау және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру арқылы қабылданатын заңдарды тиімді іске асыру, сондай-ақ жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылдау немесе қолданыстағыларға түзетулер енгізу арқылы салалық заңнамаларды (салық, бюджет, экологиялық, тұрғын үй, мемлекеттік сатып алу, техникалық реттеу, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, әлеуметтік сала, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша) жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Құқық қолдану практикасына жан-жақты талдау жүргізу үшін мемлекеттік органдардың заңға тәуелді актілердің мониторингін жүзеге асыруы, сондай-ақ заңнамалық актілердің мониторингін енгізу жоспарланып отыр.

Қабылданған шаралар **нәтижесінде** осы Бағдарламада айқындалған оны іске асырудың барлық бағыттарын тиімді құқықтық қамтамасыз ету, ұлттық

заңнаманың тұрақтылығын арттыру, сондай-ақ елдегі одан арғы саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларға арналған құқықтық базаны жетілдіру күтіледі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әлемдік экономикаға тиімді кірігуге кластерлік бастамалар мен халықаралық маңызы бар "серпілісті" жобаларды іске асыруға бағытталған елдің индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі кешенді саясатты жүргізу нәтижесінде қол жеткізілетін болады.

Осы мақсаттарда "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ құрылды, оған мемлекеттік даму институттарын басқару функциялары берілетін болады. Зерттеулер және даму институттарымен, ұлттық компаниялармен, отандық және шетелдік инвесторлармен бірлескен жұмыс негізінде орта мерзімді және ұзақ мерзімді нысаналы жобалардың тізбесі мен оларды іске асыру жөніндегі шаралар кешені қалыптастырылатын болады. Бұл тізбе өңірлік және халықаралық маңызы бар "серпілісті" жобаларды қамтитын болады.

Индустриялық-инновациялық даму міндеттерін шешуді ескере отырып, Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін болады, бұл ғылымның өндіріспен өзара байланысын күшейту мақсатында іргелі және қолданбалы ғылымды дамытудың негізгі бағыттары мен басымдықтарын айқындайды.

Сауда саясаты ДСҰ-ға республика үшін қолайлы жағдайларда кіруге, қазақстандық тауарлардың халықаралық нарықтарға қол жеткізуін жақсартуға, жаңа экспорттық "тауашаларды" жаулап алуға және ықпалдасу бастамаларын одан әрі кеңейтуге бағытталатын болады. Заңнамалық және нормативтік құжаттардың ашық екі деңгейлі жүйесі қалыптастырылатын болады, оның жоғарғы сатысы - техникалық регламент, төменгісі - халықаралық талаптармен және нормалармен үйлестірілген стандарттар. Бұл қазақстандық өнімнің ішкі және сол сияқты сыртқы нарықтарда да бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Авторлық құқық пен зияткерлік меншікті қорғау үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында авторлық құқық объектілері мен тауарлар белгілерін пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау мен жоюға бағытталған іс-шаралар кешені әзірленетін болады. Қазақстан Республикасының патент жүйесін дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленеді.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңін іске асыру индустриялық-инновациялық салада

жүргізілетін қайта құрулардың негізгі іргетасы болады. Күш-жігер экономиканың отын-энергетика және өндіруші секторларының тиімділігі мен экономикалық қайтарымын арттыруға, олардың жұмыс істеуінің ашықтығын қамтамасыз етуге жұмсалатын болады. Қазақстан сыртқы нарықтардағы ұстанымдарын нығайтады және өндірістің алдыңғы қатарлы технологияларын енгізу есебінен энергетикалық шикізатты және оны терең өңдеу арқылы жасалған өнімдерді ірі әлемдік жеткізушілердің қатарына қосылады.

Тиімді ұлттық көліктік және телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру міндеттері елдің әлемдік экономикаға тиімді кірігуінің мақсаттарына сай келетін болады. "KAZSAT-1" қазақстандық байланыс және хабар тарату спутнигін ұшыру сияқты телекоммуникация желісін жаңғыртудың және дамытудың басым бағыттары іске асырылатын болады, бұл Қазақстанға спутник байланысының халықаралық операторларының санына кіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оны кейіннен ұшыра отырып, "KAZSAT-2" спутнигін жасау жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады. Ұлттық ақпараттық супермагистраль құрылысын жалғастыру жоспарланып отыр.

Экономиканы одан әрі жаңғырту және әртараптандыру сауатты макроэкономикалық саясат жүргізу жолымен қамтамасыз етілетін болады. Инфляцияны ұстап тұру, экономиканың "қызып кетуінің" келеңсіз салдарын болдырмау, инфляцияның теріс салдарын азайту және экономикалық өсуді ынталандыру үшін айырбас бағамының қажетті икемділігін ұстап тұру, қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету ақша-кредит және фискалдық саясат саласындағы негізгі басымдықтарға айналады.

2006 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлттық қордың жаңа схема бойынша жұмыс істеуге көшуі жүзеге асырылады, бұл Ұлттық қордың экономиканың теңгерімді дамуын және оның "қызып кету" қаупін төмендетуді қамтамасыз ететін макроэкономикалық реттеуіш ретіндегі рөлін күшейтеді.

Әртараптандыруды ынталандыру және жаңа салаларды дамыту үшін ел Президенті 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауда айтқан салықтық жаңалықтар пакеті іске асырылатын болады. Салық төлеушілер үшін электрондық қызметтерді бір мезгілде кеңейте отырып, салықтық және кедендік әкімшілендіру саласында реформалар жүргізіледі. Бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Үкімет субвенциялар мен алып тастаулардың орта мерзімді кезеңге арналған мөлшерін бекітіп бере отырып тиісті шараларды, сондай-ақ өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілуін олардың халқының Конституцияда кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерге тең қол жеткізуіне жету мақсатында теңестіру үшін жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесін жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдайды.

Мемлекеттік активтерді тиімді басқаруға мемлекеттік меншіктің бірыңғай дерекқорын құру, мемлекеттік кәсіпорындардың және акциялар пакеті (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі ұйымдардың оңтайлы санын айқындау арқылы қол жеткізіледі. Рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту немесе олардың банкроттығы туралы шешімдер қабылдау жөніндегі тетіктер әзірленетін б о л а д ы .

Экономиканың стратегиялық салаларында мемлекеттік активтерді тиімді басқару міндеттерін іске асыруға "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ-ның қызметі бағдарланатын болады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін пайдалану жөніндегі алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибені енгізуге бағытталған "Концессия туралы" заң жобасы әзірленетін болады.

Үкімет мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы өзара қарым-қатынастардың тиімді жүйесін нарықтық қағидаттар негізінде құратын болады. Келісім-шарттық қатынастарды дамыту және жеке меншік институтын нығайту, оның ішінде ұлттық меншіктен алуға қарсы кепілдіктерді қамтамасыз ету мәселелерін пысықтау жоспарлануда. Миноритарлық акционерлер мен құрылтайшылардың құқықтарын заңнамалық қорғау мақсатында компаниялардың жарғылық капиталында аз үлестерді иеленетін инвесторлардың, акционерлердің және құрылтайшылардың құқықтарын қорғау туралы заң әзірленетін болады.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру әкімшілік кедергілерді жою және сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында Үкімет "электрондық үкімет" жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Тауарлар мен қызметтер нарықтарының тиімді жұмыс істеуіне бағытталған бәсеке және тариф саясатын іске асыру Үкімет қызметінің маңызды басымдығы болып қалады. Әзірленетін Бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде металлургиядағы, химия өнеркәсібіндегі, банк саласындағы, сақтандыру саласындағы және басқа да салалардағы "жасырын монополияларды" монополиясыздандыру жөніндегі шаралар іске асырылады. 2007 жылы Табиғи монополиялар саласындағы тариф саясатын жетілдірудің 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда, оның нәтижесінде табиғи монополиялар субъектілерінің орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған тарифтері деңгейлерінің болжамдылығы мен тұрақтылығы қамтамасыз етіледі және табиғи монополиялар субъектілері әрекет ететін салалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін жағдай жасалады.

Кәсіпкерлік секторды дамыту нарықтық қатынастар мен бәсекеге қабілетті экономиканы түзудегі негізгі іргетас ретінде қаралатын болады. "Жеке

кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында мемлекеттік органдардың жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер жұмысының жаңа регламентін бекітуді көздейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданатын болады. Барлық өңірлерде кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру және олардың қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

2006 жылы аумақтарды кластерлердің қалыптасуымен өзара іс-қимылда дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді айқындайтын Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы әзірленеді. Өңірлік және әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті мамандықтар қалыптастыруға, экономикалық әлеуетті және еңбек ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануға негізделген аумақтық даму оның негізгі мақсатына айналады. Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасын әзірлеу жоспарлануда, олардың қызметі инвестициялар тартуға және өңірлерде жаңа өндірістер мен технологияларды іске асыруға, өңірлерде тиісті қолайлы экономикалық орта қалыптастыруға, сондай-ақ әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға бағытталатын болады.

Астананы Еуразиядағы өзара халықаралық іс-қимылдың ірі орталықтарының бірі ретінде дамыту және Алматы қаласының қаржылық және іскерлік белсенділіктің өңірлік орталығы ретінде қалыптасуы мемлекеттік өңірлік саясаттың маңызды нәтижелерінің бірі болады.

Халықтың неғұрлым "әлжуаз" топтарын қорғауға бағытталған және еңбек ресурстарын тиімді дамытуды ынталандыратын атаулы әлеуметтік саясатты іске асыру Президенттің 2006 жылғы Жолдауында айтылған барлық басымдықтарға жауап беретін болады. Үкіметтің осы саладағы негізгі мақсаты мемлекет, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы жауапкершілікті тиімді бөлуді көздейтін көп деңгейлі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін одан әрі дамыту, атаулы әлеуметтік көмекті күшейту және тұрлаулы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

Сондай-ақ, Үкімет түрлі деңгейлі табысы бар халықтың қажеттіліктерін кешенді қанағаттандыруға бағытталған тұрғын үй саясатын іске асыруды жалғастырады. Осы міндеттің шеңберінде Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және тұрғын үй саласында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге қажетті түзетулер енгізілетін болады.

Жер учаскелерін беру және инженерлік-коммуникациялық желілерді жүргізу рәсімдерін жетілдіруге бағытталған жеке тұрғын үй құрылысының секторын қолдау және дамытуды ынталандыру жөніндегі жұмыс жалғасады. Жеке капитал

тарту тетіктерін қоса алғанда, жалға берілетін тұрғын үй секторын дамыту жағдайын жасау және жалға беру үйлерінің құрылысын ұйымдастыру жөніндегі шаралар кешені әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданатын болады.

Денсаулық сақтау саласындағы қызметті ұйымдастыруда қазіргі заманғы қағидаттар мен стандарттарға өту әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру саясатының ажырамас бөлігі болады. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Үкімет Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жеделдетуді көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы, оны жүйелендіруге және пәрменділігін арттыруға бағытталған одан әрі реформалау жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық заңнаманың қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін Қоршаған ортаны қорғау туралы кодекс ( Экологиялық кодекс) қабылданады.

Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті тиімділігі жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру экономиканы индустриялық-инновациялық дамытудың қазіргі заманғы талаптарына да жауап береді. "Білім туралы" жаңа Заң қабылданатын болады, Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады, 2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балаларының" мемлекеттік бағдарламасы қабылданады.

Үкіметтің мәдениет саласындағы саясаты дарынды тұлғалардың өнері мен қызметін дамыту үшін жағдай жасауға, Қазақстан халқының рухани құндылықтарын одан әрі ашуға, әлемдік қоғамдастықтағы жалпыұлттық мәдени барабарлықты нығайтуға бағытталған. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде тілдерді дамыту үшін қолайлы жағдай жасауды одан әрі қалыптастыру басым бағыт болып табылады. Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жақсартуға және оны меңгеру деңгейін объективтік түрде бағалау жүйесін жетілдіруге баса назар аударылатын болады.

Халықтың дене тәрбиесінің және спортты дамытудың тиімді жүйесін құру қазақстандық спортшылардың халықаралық спорт аренасындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ықпал ететін болады.

Үкімет демократиялық процестерді және азаматтық қоғам институттарын дәйекті дамытуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің олардың мәртебесін, құзыретін, жауапкершілігін, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының

тәртібін айқындайтын заңнамалық база құрылатын болады. Осыған байланысты Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды қолдаудың 2007-2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленеді және іске асырылады.

Үкіметтің күш-жігері саны мен құрамы жағынан тиімді әрі оңтайлы мемлекеттік аппарат құру, мемлекеттік қызмет мәртебесін арттыру және мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеу үшін жоғары кәсіби кадрлар тарту жөніндегі міндеттерді іске асыруға бағытталатын болады. Үкіметтің осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы барабар мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздік жүйесін нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шараларды дәйектілікпен іске асыру елдің мүдделері мен өңірлік және әлемдік даму серпінін ескеретін теңгерімді және отандық сыртқы саяси бағдар жүргізу жөніндегі қызметі Қазақстанның халықаралық аренада қазіргі заманғы, серпінді дамып келе жатқан бәсекеге қабілетті мемлекет ретіндегі беделін арттыруға бағытталатын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК